



16 мамыр  
сенбі,  
2026 ЖЫЛ  
№52 (19622)

www.7-su.kz  
Jetyсу2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

**САММИТ**

Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының бейресми саммиті өтті. Халықаралық шара аясында қарқынды дамып келе жатқан цифрлық дәуірдегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен басым бағыттары, қазіргі геосаяси ахуалдың адамзат үшін маңыздылығы жан-жақты талқыланды.

«Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арналған алқалы жиында Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ еліміздің цифрландыру және ЖИ саласындағы стратегиялық бағдарын баяндады.

– Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alet.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ, біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқалы» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек.

Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін оңтайландыра бастадық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады, – деген Мемлекет басшысы елімізде Цифрлық кодекс қабылданғанын, «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енгенін жеткізді, білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны менгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеуге, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріліп отырғанын атап өтті.

Өз сөзінде жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойғанын алға тартқан Президент еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітілетінін, Алматы қаласында Тұрақты дамуға



# ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА, ТӨБЕДЕГІ КЕЛЕДІ

ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылғанын атап өтіп, жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарға алғыс білдірді. Сондай-ақ, наурыз айында Шымкент қаласында Түркі кеңесі сарапшыларының қатысуымен «Жасанды интеллект және цифрлық даму» атты халықаралық конференциясы өткенін алға тартқан Қасым-Жомарт Кемелұлы Габалада өткен басқосуға цифрлық даму және киберқауіпсіздікке қатысты бірқатар бастама көтергенін еске салды.

Ауқымды бастамаларды жүзеге асыру үшін Түркі инвестициялық қоры тарапынан қаржылай көмек көрсетудің қажеттігін атап өткен Мемлекет басшысы Ұйымға мүше мемлекеттерді осы міндетті жедел жүзеге асыруға шақырды. Одан бөлек, Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің ІТ хабтарының бірлескен орталығын ашуды, орталыққа «Turkic ai» атауын беруді, Alet.ai орталығында орналастыруға болатынын алға тартқан Президент Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі

конвенция жобасын пысықтау туралы ұсынысты қолдауға шақырып, бұл түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтауға және дәріптеу ісіне құқықтық негіз екенін атап өтті.

Жасанды интеллект негізінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын арнайы цифрлық платформа құру жөніндегі жұмысты жандандыру қажеттігін, ол жоба көптілі форматта жасалып, кез келген адамның онлайн режимде түркі өркениетінің мол мұрасымен танысатынын, зерделейтінін, оған қажетті жан-жақты цифрлық шешімдерді Қазақстан ұсынуға дайын екенін атап өткен Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру – баршаға ортақ міндет, парыз екенін алға тартты.

Одан соң бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасап,

гуманитарлық ықпалдастықты нығайта түсетін Түркі өркениеті орталығының қызметін тиімді ұйымдастыру үшін Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің ғылыми-академиялық әлеуетін пайдаланған жөн деп санайтынын алға тартқан Мемлекет басшысы Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсіміне қолдау көрсеткен көпшілікке алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Астанада Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құру жоспарланған. Онда дала халықтарының тарихы мен мәдениеті кеңінен насихатталмақ. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттерді және барлық бауырларымызды осы жобаны қолдауға және оған белсенді қатысуға шақырған Президент Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастыруды, ол үшін Кеңеске мүше елдердің тиісті мекемелерінің өкілдері, ғылыми сарапшылары кіретін Мемле-

кетаралық терминологиялық комиссия құруды ұсынды.

– Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі. Бүгінде біздің Ұйымға халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отыр. Абырой-беделіміз де артып келеді. Осы орайда Қазақстан Ресейдің «Алтай – түркі өркениетінің бесігі» жобасына оң көзқарасын білдірді. Бұған қоса, біз «Алтай сұхбат алаңы (диалогі)» форумын құру жөніндегі ұсынысымызды жарияладық.

Еліміз Түркияның ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру бастамасын қолдады. Осы форматқа қосылуға ниет білдірген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты нақты өлшемдер болу қажет деп санаймын, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы «Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес» – деп Ұйымды әскери альянс ретінде сипаттаушыларға жауап берді.

– Ең бастысы, жаңа форматтағы жұмыс Ұйымның мақсат-міндеттеріне сай болып, оған кері әсерін тигізбеуі керек. Мысалы, соңғы кезде Ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ой-пікірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары – елдістіру емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды.

Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін басымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң.

Мұндай ұстаным еліміз үшін – маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтай ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз – барімізге ортақ. Түркі әлемі әрдайым тату болып, ала қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесе дами беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихы ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз.

AKORDA.KZ

(Толық нұсқасын газет сайтынан оқи аласыздар)

**ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ**



## ӨНЕРКӘСІП ДАМЫСА, ӨНІР ӨРКЕНДЕЙДІ

Дастанбек САДЫҚ

Жауапкершілік һәм уәде. Оның ішінде берілген уәдеде тұру тек жігіттіктің белгісі ғана емес. Қазіргі әкім қараға қажеттісі осы. «Даудын басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, тізгін тартқандарға халықтың сенімін азайтуға берілген уәденің орындалмауы сеп. Қызметі бола тұра құзіретінен бас тартудың мың сылтауын іздеу де ақжағалыларға тән емес. Бірде Заңды, бірде құзіретті халықтан қалқан қылу мәселені шеш-

пейді. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деген бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: «Елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу де аздық етеді. Халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек», – деген еді. Демек, жауапкершілік пен сөзге сертте болу қазіргі әкімдердің тұғыры болуы тиіс. Дәл осындай ойды облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Ескелді ауданындағы халықпен кездесуде сөз етті.

(Соңы 3-бетте)

**БАСПАСӨЗ – 2026**

«Jetyсу» газетінің 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу бағасы:

Қазпошта АҚ арқылы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	8223,12	8223,12
Заңды тұлғалар үшін (мемлекеттік сатып алу портал арқылы)	15469	1 1510,64	–
Зейнеткерлер үшін	35469	5879,52	5879,52
Жалпы жеке жазылу	65469	6333,12	6333,12

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetyсу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз,

редакцияға келіп балама жазылыңыз:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5400
2.	Зейнеткерлер үшін	3000
3.	Жалпы жеке жазылу	3700



«Jetyсу»-дың электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5000
2.	Жалпы жеке жазылу	3700

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуыңызға болады:  
8 (7282) 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.



ГАЗЕТКЕ KASPI QR АРҚЫЛЫ  
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

АГРОСАЛА

Көктем мен жаз мезгілінде ауыл шаруашылығына үлкен қауіп төндіретін зиянкестердің бірі – шегіртке.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Әсіресе, егістік алқаптарына шабуыл жасаған кезде өнім көлемін азайтып, шаруаларға орасан шығын келтіреді. Сондықтан шегірткеге қарсы күрес жұмыстары жыл сайын ерекше бақылауға алынып келеді. Зиянкестердің таралуына жол бермеу мақсатында аймақта биыл да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мамандар егістік және жайылымдық жерлерді тұрақты түрде бақылап, шегірткенің таралу аймақтарын анықтауда. Арнайы құрылған мониторингтік топтар күн сайын алқаптарды аралап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Анықталған аумақтарда химиялық өңдеу шаралары ұйымдастырылуда.

Жұмыстарды атқару үшін арнайы техникалар мен бұрку құрылғылары қолданылып, зиянкестерге қарсы дәрі себілуде. Мамандардың айтуынша, күрес жұмыстары дер кезінде жүргізілсе, шегірткенің жаппай таралуының алдын алуға болады. Бұл өз кезегінде егіннің сақталуына және ауыл шаруашылығы өнімдерінің мол болуына мүмкіндік береді. Шаруалар да бұл іске бейжай қарамай, зиянкестер байқалған жағдайда тиісті мекемелерге хабар беріп, құлақтандырады. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде шегірткеге қарсы күрес тиімді жүзеге асырылып келеді. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жетісу облысы бойынша басшысы Бақберген Атантаевтың айтуынша, биыл шегірт-



# Шегірткемен күрес: АМАЛ мен АХУАЛ

ке тектес зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 133,4 мың гектар жерде жүргізіледі, оның ішінде үйірлі шегірткелер – 91,1 мың гектар (66 018 гектар италяндық прус, 25 061 гектар азиялық шегіртке), үйірсіз саяқ шегірткелер – 42,3 мың гектар.

Бүгінде жалпы 8,4 мың гектар жерде шегіртке ошақтары (саяқ – 4,1 мың гектар, үйірлі – 4,3 мың гектар.) анықталып, 6,8 мың гектары өңделген (саяқ – 3,1 мың гектар, үйірлі – 3,7 мың гектар). Оның ішінде саяқ шегіртке ошақтары 4 аудан (Ақсу – 720 гектар, Қаратал – 350 гектар, Көксу – 320 гектар, Панфилов – 2 474 гектар.) мен Талдықорған қаласында (200 гектар) 4,1 мың гектар алқапта анықталып, 3,1 мың гектар жерде өңдеу жұмыстары жүргізілген. Ал үйірлі шегіртке ошақтары – Алакөл – 660 гектар,

Қаратал – 50 гектар, Кербұлақ – 2633 гектар, Көксу – 200 гектар, Панфилов – 730 гектар, және Талдықорған қаласы – 50 гектар, барлығы 4,3 мың гектар жерде анықталып, Алакөл – 560 гектар, Кербұлақ – 2200 гектар, Көксу – 200 гектар, Панфилов – 730 гектар, Талдықорған қаласы – 50 гектар, барлығы 3,7 мың гектар алқап өңдеуден өткен.

Қазіргі кезде 100-ден аса адам зиянкестерге қарсы күрес жұмыстарын жүргізуге жұмылдырылған. Химиялық өңдеу жалпы 6 әуе ұшағы, 24 бірлік жер үсті бүріккіш техникалар күшімен іске асырылуда.

Табиғатқа зиян келтірмей, ауыл шаруашылығын қорғау – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан шегірткеге қарсы күрес шаралары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ УЫҒЫ

# Құндылықтар ұлықталған күн

Халықаралық отбасы күніне орай Талдықорған қаласындағы «Жетісу жастары» ғимаратында облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тапсырысы аясында ұйымдастырылған «Отбасы – құндылықтар мектебі» атты ашық кездесу өтті.

Сарби ӘЙТЕНОВА

Студент жастар, қоғам белсенділері, үлгілі отбасылар мен облыстық «Мерейлі отбасы» байқауының жүлдегерлері қатысқан тағылымды шарада отбасындағы сыйластық, ата-ана жауапкершілігі, ұрпақтар сабақтастығы мен қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтар кеңінен сөз болды.

Облыстық Азаматтық Альянс жетекшісі Дания Қыдырбаева отбасының қоғамдағы орны туралы ойымен бөліссе, «Мүшелтой» аула клубының мүшелері Қарлығаш Ибрагимова, Назира Әлібаева, Ләтіпа Тыналиналар отбасындағы татулықтың маңызы туралы кеңінен сөз қозғады.

Шараның мазмұнын тереңдете түскен тағы бір маңызды сәт – облыстық «Мерейлі отбасы» байқауы жүлдегерлерінің қатысуы болды. Олар жастарға отбасы бақытының басты сыры – ауызбіршілік пен өзара құрмет екенін айтты.

– Бақытты отбасының құпиясы байлықта емес, бірлікте. Шаңырақтағы татулық пен түсіністік кез келген қиындықты жеңуге көмектеседі, – дейді қонақтар.

Жиын аясында ұйымдастырылған «Ұрпақтар диалогы» алаңында жастар мен аға буын өкілдері арасында ашық пікір алмасу өтті. Қатысушылар әлеуметтік желінің отбасы тәрбиесіне әсері, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, әке мен ананың рөлі жөнінде ой қозғалды.

Кездесу барысында отбасы тақырыбындағы әндер шырылалып, қатысушылар жүрекжарды естеліктерімен бөлісті. Жастар аға буынның өмірлік тәжірибесіне құлақ асып, өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды.

ЕЛ ІШІНЕН

# Жаңа сауда орыны ашылды

Жаркентте құс өнімдерін саудалайтын «Chickodelli» деп аталатын фирмалық жаңа дүкен ашылды.

Сауда орны құс еті өнімі түрлеріне бай. Мұнда тауық етінен жасалған шұжықтар, басқа да құстан әзірленетін мезірлер көздің жауын алады. Сонымен бірге гриль, кәуап, жұмыртқа да дүкен сөресінен табылады. Барлық өнім бағасы қолжетімді. Бұл сауда орнын Шонжы ауылының тұрғыны, кәсіпкер Альбина Мансұрова ашып, Қарадала өңіріндегі «Прима-құс» ЖШС «Бройлер» тұқымды тауық етінен өндірілген құс өнімдерінің 20-ға жуық түрлерін әкеліп, саудаламақ.

Альбина Мансұрова осыдан жарты жыл бұрын Ұйғыр ауданы орталығында осындай дүкен ашып, саудасы жергілікті тұрғындардың сұранысына ие болған. Оның дүкен сөресіне қойған барлық азықтық тауары іргедегі Қарадала өңіріндегі «Прима-құс» ЖШС-нің құс етінің ұқсату фирмасында өндірілген. Сапасы жоғары, табиғи таза өнімдер. Кәсіпкер келіншек кәсібін одан әрі жандандырып, құс өнімдерінің саудасын өрістеті бермек.

Жәнібек ҚУАНЫШҰЛЫ

Панфилов ауданы

ӘДЕП

# АДАЛ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет мінсіз атқарылуы тиіс. Ол үшін Қазақстан Республикасының Әдеп кодексінің бұзушылықтардың алдын алу қажет.



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облыстық департаментінің облыстық Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі, «Жетісу облысының Кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы, облыстық орталық кеңестің төрағасы, облыс мәслихатының депутаты Әсет Қыдырмановтың қатысуымен ішкі саясат басқармасының қызметкерлеріне арналған семинар өтті.

Кездесуде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалар мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтардың алдын алуға қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, әдептілік стандарттарын сақтаудың өзекті мәселелерін талқылау және мемлекеттік қызмет шеңберінде ықтимал бұзушылықтардың алдын алу мақсатында өткізілген шараға мемлекеттік қызметшілер белсене атсалысты. Қызметтік міндеттерді сақтау мәселелеріне, құмар ойын мекемелеріне барудан тартыну, мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат жеткізілді және діни наным-сенімдерді насихаттауға жол бермеу бағыты бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мұндай кездесулер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Әдеп жөніндегі кеңес мүшесі мемлекеттік қызметшілерді заңнамадағы және әдеп нормаларына енгізілген соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар ету үшін осындай іс-шараларды тұрақты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі Жарлыққа қол қоюы – еліміздің білім саласындағы маңызды тарихи қадамдардың бірі деп есептеймін. Өйткені бүгінгі әлем күн сайын өзгеріп жатыр. Ғылым мен технологияның дамуы адам өмірінің барлық саласына әсер етуде. Мұндай кезеңде білім беру жүйесі де заман талабына бейімделуі қажет.

Қазіргі балалар – цифрлық дәуірдің ұрпағы. Олар ақпаратты бұрынғы буыннан мүлде басқаша қабылдайды. Смартфон, интернет, түрлі платформа олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған. Сондықтан бүгінгі мектеп тек білім беретін орын ғана емес, оқушыны жаңа қоғамға бейімдейтін орта болуы тиіс.

Ал жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізудің басты мақсаты – сапалы әрі заманауи білім беру ортасын қалыптастыру. Бұл бастама арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, ізденісін, шығармашылығын дамытуға мүмкіндік туады.

Бүгінде әлемнің дамыған елдері жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім саласында кеңінен пайдаланып келеді. Себебі, технология оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, оны тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Әр оқушының білім деңгейін саралап, қабілетіне қарай тапсырма ұсыну, оқу қарқынын анықтау – мұның бәрі білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен қоғамда «жасанды интеллект мұғалімді алмастыра ма?» деген сұрақ жиі айтылады. Меніңше, ешқандай технология ұстаздың орнын баса алмайды. Себебі, мұғалім – тек білім беруші емес, тәрбиеші, бағыт көрсетуші тұлға. Балаға мейірім мен қамқорлықты, адамгершілік пен жауапкершілікті үйрететін де – ұстаз. Ал жасанды интеллект – мұғалімнің көмекшісі. Ол педагогтың жұмысын жеңілдетуге арналған құрал ғана. Мысалы, оқушылардың білім деңгейін анықтап, олардың әлсіз тұстарын саралауға, қосымша тапсырмалар ұсынуға көмектеседі. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп, әр оқушымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде мұғалімдерге қойылатын талап та күшейіп келеді. Сондықтан педагогтердің цифрлық



# Білім жүйесіндегі жаңа қадам

сауатын арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Жаңа технологияны меңгерген ұстаз ғана заман талабына сай білім бере алады. Бұл бағытта мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет.

Жасанды интеллектіні енгізудің тағы бір маңызды тұсы – ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының айырмашылығын азайтуға ықпал етуі. Бүгінде шалғай ауылдардағы оқушылар үшін сапалы білім ресурстарына қолжетімділік мәселесі өзекті болып отыр. Ал жаңа технологиялардың көмегімен ауыл балалары да түрлі білім платформасын пайдаланып, қосымша материалдарға қол жеткізе алады. Бұл әсіресе дарынды балалар үшін үлкен мүмкіндік. Себебі, қабілетті оқушы қай жерде тұрса да, өз білімін жетілдіруге жағдай жасауы керек. Жасанды интеллект осындай мүмкіндіктердің аясын кеңейтеді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар оқушылардың өздігінен ізденуіне, уақытты тиімді пайдалануына, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Бүгінгі қоғамда тек ақпаратты жаттап алу жеткіліксіз. Ең маңыздысы – сол ақпаратты саралап, дұрыс пайдалана білу.

Әрине, технологияны енгізуде қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмауы керек. Оқушылардың жеке деректерін

қорғау, интернет мәдениетін қалыптастыру, академиялық адалдық қағидаларын сақтау – өте маңызды мәселелер. Сондықтан жасанды интеллектіні білім беру жүйесіне енгізу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Президент бастамасының тағы бір маңызды қыры – болашақ ұрпақты жаңа заманға бейімдеуінде. Себебі, ертеңгі еңбек нарығында цифрлық сауатты, технология тілін түсінетін мамандарға сұраныс арта түседі. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды жаңа технологиямен жұмыс істеуге үйрету – уақыт талабы. Білім саласындағы бұл өзгерістің барлығы еліміздің болашағы үшін жасалып отыр. Өйткені білімді ұрпақ – мемлекеттің басты байлығы. Ал сапалы білім мен заманауи технология қатар дамыған жерде елдің де болашағы жарқын болады.

Мемлекет басшысы қолға алған бұл бастаманы білім саласына жасалған үлкен қолдау деп бағалаймын. Ең бастысы, біз технологияны дұрыс пайдаланып, оны балалардың сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына бағыттай білуіміз керек. Сонда ғана жасанды интеллект шын мәнінде ел болашағына қызмет ететін тиімді құралға айналады.

**Ләйля СЕМБАЕВА, Титов атындағы орта мектептің директоры**  
Ескелді ауданы

Қайнарлы ауылы ФАП

Шымыр ауылының дәрігерлік амбулаториясы

Жастар ауылы ФАП



М. Байысов ауылы ФАП

Теңлік ауылындағы медициналық пункт

Жалғызбағаш ауылы ФАП

6 жаңа нысанда (1 ДА, 4 ФАП, 1 мед. пункт) қолданысқа берілді.



(Соңы. Басы 1-бетте)

**БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР АУЫЛДЫ ӨРКЕНДЕТЕДІ**

Облыс әкімі аудандағы сапарын Бақтыбай ауылынан бастады. Себебі, мұнда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ауылдағы ағайынның қолайлы тұрмысы қамтамасыз етілуде. Оңтайлы бастаманың бірі – Сәкен Сейфуллин атындағы мектептің күрделі жөндеуден өтуі. Құрылыс жұмыстары аяқталуға таяу. Сыртқы келбеті алыстан менмұндалайды. Оқу ордасы сегіз корпустан тұрады. Мұнда балалардың білім алуына, мектепке дейінгі шағын орталықтың жұмысына, спортпен айналысуына және оқушылардың толыққанды демалуына қажетті барлық жағдай қарастырылған. Жоба бойынша мектеп 1276 оқушыға, ал шағын орталық 25 орынға арналған. Ғимараттағы жөндеу жұмыстары іс жүзінде аяқталған. Қазір кабинеттер, дәліздер мен фойелер тазартылып жатыр. Заманауи, жарық әрі ыңғайлы ғимарат білім беру мекемелеріне қойылатын барлық талаптарға сай. Спорт инфрақұрылымына және аумақты абаттандыруға ерекше көңіл бөлінген.

Жаңғырып жатқан білім ұясын аралап көрген Бейбіт Исабаев жауапты тұлғалардың назарын аумақты лайықты көгалдандыруға, жасыл желектерді дұрыс күтіп ұстауға аударды. Оның айтуынша, жөндеу жұмыстары сапалы аяқтап қана қоймай, оқу орнының айналасында балалар, ата-аналар мен педагогтер үшін таза, жайлы әрі әдемі орта қалыптастыру маңызды. Мектепті күрделі жөндеу былтыр мамыр айында басталған. Жаңартылған білім ордасын биыл тамыз айында ашу жоспарланып отыр.

Мұнан соң аймақ басшысы ауылдық округке қарасты Елтай ауылындағы медициналық нысанға бау сұқты. Өткен жылы іргесі қаланып, жұмыс арада пайдалануға берілетін ауылдық дәрігерлік амбулатория тұрғындар үшін көптен күткен қуаныш. Себебі, бұрын медициналық көмек шағын әрі ескі ғимаратта көрсетілсе, енді сапалы медициналық құрылыстарға қол жеткізеді. Нысандағы жаңашылдық – стоматологиялық кабинет. Сонымен қатар, мұнда күндізгі стационар жұмыс істейді. Бұл әсіресе қарт адамдар, көпбалалы отбасылар және аудан орталығына барып уақыт жоғалтатын тұрғындар үшін өте маңызды. Дәрігерлік амбулаторияны аралау барысында облыс әкімі ғимаратты табиғи газға қосуды тапсырды. Сонымен қатар, қатты отын баламалы жылыту көзі ретінде сақталды. Бейбіт Исабаев жаңа нысанның тұрақты жұмыс істеуі әрі тұрғындар мен медицина қызметкерлеріне қолайлы болуы қажет екенін айтты.

Елтайлық Нұртай Қайырбаев жаңа амбулаторияның жанында тұрады. Ол ауыл тұрғындары атынан өңір басшылығына ауыл мәселелеріне көңіл бөлгені үшін алғыс білдірді.

– Бұрынғы амбулатория ескі, шағын болатын. Жаңа ғимаратпен салыстыруға келмейді. Менің төрт балам, жеті немерем бар. Біз үшін мектептің, медицинаның, қалыпты өмір сүру жағдайының жақын болуы маңызды. Бүгінде ауылымыз өзгеріп жатыр, оны халық көріп, қуанып отыр, – дейді тұрғын.

**ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ НАЗАРДА**

Ескелді ауданындағы сапар барысында облыс әкімі әуелі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Мұнан соң Қарабұлақ ауылындағы Мәдениет үйінде тұрғындармен кездесті. Келелі кездесу барысында аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары, жергілікті жерлердегі өзекті мәселелердің шешілу барысы жайында баяндады. Сонымен қатар, аудан көлемінде атқарылуы тиіс міндеттер мен бастамалардың да тінін тарқатты. Ауыл шаруашылығын, жолдарды, ирригацияны, туризмді

дамытуға, сондай-ақ жер мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ерекше назар аударды.

Әкім сөзіне сенсек, Жетісу облысы соңғы жылдары тұрақты даму қарқынын сақтап келе жатыр. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына Ескелді ауданы да елеулі үлес қосып отыр. Мұнда аграрлық сектордың облыс көлеміндегі үлесі 11 пайыздан асады. Сонымен қатар, өңір басшысы ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді белсенді дамыту, инвестиция әкелу, жаңа өндірістер ашу, тұрғын үй құрылысын жандандыру, жолдарды жақсарту және туристік әлеуетті тиімді пайдалану қажет екенін атап өтті.

Агрөнеркәсіп кешенін дамыту туралы айтқан облыс әкімі «Ауыл аманаты» бағдарламасы және өзге де бағыттар аясындағы мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге техникаларын жаңартуға, жеңілдетілген несиелер алуға, мал және егін шаруашылығын, шикізатты өңдеуді дамытуға мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді. Өңірде құс шаруашылығы, балық өңдеу, жылыжай шаруашылығы, қант саласы мен құрама жем өндірісі бойынша ірі инвестициялық жобалар қолға алынған.

– 2025-2027 жылдары облыстың агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 94 млрд. теңгеге 23 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде, Панфилов және Көксу аудандарында жылдық қуаты 19 мың тонна құс етін өндіретін 2 құс фабрикасының құрылысы биыл басталады. Бұған қоса, Керібұлақ ауданында 5 мың, Ақсу ауданында 2 мың бас мал бордақылау алаңдары, Талдықорған қаласы және Ескелді ауданында жалпы қуаты 1,6 мың тонна болатын 2 балық зауыты салынып жатыр, – деді аймақ басшысы.

Бейбіт Өксікбайұлы Текелі қаласында қанша уақыттан бері тұралап, есігіне қара құлып салынған жылыжайдың қайта жаңғыртылатынын айтып, ақжолтайлады. Айтуынша, инвестор қаржы күйіп, жұмыстар жүргізіліп жатыр, жыл соңына қарай алғашқы өнім алынбақ. Өңір басшысының айтуынша, бұл мысал экономика үшін жаңа мүмкіндіктерді көрсетеді.

Өңірде жүзеге асып жатқан бастамалардың бірі ирригациялық инфрақұрылымды қалпына келтіру. Биыл Жетісу облысында тоғыз ірі жоба жүзеге асырылып, соның нәтижесінде 3,2 мың гектар жаңа жер суармалы сумен қамтамасыз етіледі, 34,3 мың гектар ауыл шаруашылығы алқабы толықтай су алады. Ескелді ауданында Алмағы

және Бәйбіше каналдарына күрделі жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтарып, қайта айналымға енгізу жұмыстары жалғасуда.

Сөз арасында аймақ басшысы өңірдегі жол мәселесіне де тоқталды. Айтуынша, 2-3 жыл көлемінде ауыл ішіндегі жолдар тактайдай тегіс етілді. Оған дейін республикалық, Талдықорған қаласындағы жолдар толықтай сапалы болмақ.

– 2025 жылдан бастап Алматы – Талдықорған автожолының 21 шақырымды күрделі жөндеу жүргізілуде. Жұмысты биыл аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар Талдықорған айналма жолын қайта жаңарту және Шеңгелді – Қызылтоған жолына орташа жөндеу жұмыстары басталды. Биыл Талдықорған – Үштөбе бағытындағы 40 шақырым жолды орташа жөндеу қолға алынды. Соның нәтижесінде облыстың маңызы бар жолдардың жақсы жағдайдағы үлесі 96 пайызға жетеді. Бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Біз республикалық және облыстық жолдардың жағдайын жақсартып, Енді ауылшілік жолдарды жөндеуге назар аударылады, – дейді облыс әкімі.

Жол жөндеу жұмыстарында тұрғындар талабы да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Аймақ басшысы аудан тұрғындары атынан Сырымбет ауылындағы жол учаскесінің жарамсыз күйге түскені туралы көп шағым түскенін жеткізді. Бұл ретте облыс әкімі орынбасары Әсет Қанағатов пен аудан әкімі Елдос Ахметовке тапсырма жүктелді. Себебі, тау жыныстарынан пайдалы қазба өндірген компаниялардың көлігі осы жолмен жүреді. Ауыр техника жаңа жол салғанмен 2-3 жылда оны жарамсыз етпек. Қарбелерден шикізат тасыған көліктер үшін ауылды айналып өтер жол салынуы тиіс. Сонда ғана тұрғындар өтінішімен салынатын жолдың ғұмыры ұзақ болмақ.

**ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘРЛЕНЕ ТҮСЕДІ**

Өңірде соңғы 3 жылда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларындағы 270-тен астам нысан жаңартылды. Оның ішінде 2025 жылы 67 денсаулық сақтау нысаны салынып, білім саласында 3 мектеп бөй көтерді, мәдениет және спорт саласындағы 16 нысан пайдалануға берілді, сондай-ақ, 14 әлеуметтік нысанға күрделі жөндеу

жүргізілді. Қайтарылған активтер қаражаты есебінен облыста 2023-2025 жылдары 25 нысан салынды. Оның ішінде білім беру саласында 5 мектеп, денсаулық сақтау саласында 18 нысан, сумен жабдықтау бойынша 2 нысан бой көтерген. Биыл тағы 9 нысан іске қосылады. Аймақ басшысы аудандағы Ешкіөлмес және Жаңалық елді мекендерінде мектептер бөй көтергінін де сүйіншіледі. Қазір құжаттары әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржыландыруға өтінім берілген.

– Өңір халқының қолайлы ортада өмір сүруін қамтамасыз етуге демеушілер де атсалысуда. Мәселен, жеке демеушілердің есебінен Талдықорған қаласында Үстел теннисі орталығы, «Жетісу Арена» мұз айдыны, «Жетісу» волейбол клубына арналған төрт қабатты тұрғын үй, Ақсу ауданында спорт кешені, Қаратал ауданының Үштөбе қаласында бокс залы, Кәле ауылында үстел теннисіне арналған блокты-модульдік кешен және Жаркент қаласында 100 орынды жезу орталығы салынды. Биыл демеуші қаражаты есебінен Үштөбе қаласында «Jenys Judo Ortalygy» дзюдо бойынша спорт кешені бөй көтеруде. Жалпы, облыста халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру, жәрдемәқылдарды арттыру және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылуда, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысының айтуынша, өңірде мектептерді, медициналық мекемелер мен Мәдениет үйлерін жөндеу, жаңа әлеуметтік жобаларды дайындау, еңбек нарығын дамыту және «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша ауылға келген мамандарды қолдау жалғасуда. Дегенмен, аудандардағы басым мәселенің бірі – кадр тапшылығы. Бейбіт Өксікбайұлы Ескелді ауданындағы дәрігер тапшылығын шешуде қарымды қарекет қажет екенін алға тартты. Қызметтік үй тауып беруде белсенділік қажет. Аудан әкіміне қызметтік пәтерге арналған үй салуды тапсырды. Аймақ басшысы ауданда көптен сұрау белгі болған Жастар ауылындағы көпқабатты үй мәселесінің тіні тарқағанын да сүйіншіледі. Тәуелсіздік жылдары құрылысы аяқсыз қалған нысан жаңғыртылып, биыл мұқтаж жандарға табысталады.

Кездесуде облыс әкімі туризм жайын да сөз етті. Саладағы кемшіні

жайттарды да пысықтап, құзырлы құрылымдардың қарекет етуі үшін нақты тапсырмаларды жүктелді. Айтуынша, Ескелді ауданында өңірдің бірегей табиғи нысандарының бірі – «Бұрқанбұлақ» сарқырамасына апаратын жолдың құрылысы жалғасып жатыр. Алайда Бейбіт Исабаев ауданның туристік әлеуеті әлі де жеткілікті деңгейде пайдаланылмай отырғанын тілге тиек етті. Мұнда туризм бөлім құрылған соң, енді нақты істерге қонақүйлер мен демалыс аймақтарын салуға, жолдарды жөндеуге, сервис пен туристік инфрақұрылымды дамытуға көшу қажет. Дербес туризмді дамыту күн тәртібінен түспеуі керек. Мәселен, Ескелді ауданынан шыққан тұлғаларды, кәсіпкерлерді туризмді дамытуға, туған өлкеңі гүлдендіруге бағыттау керектігін де нығырлай тапсырды.

Жынында өңірдегі абаттандыру және экология мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендерді көгалдандыру, саябақтарды жаңарту және жайлы орта қалыптастыру жұмыстары жалғасуда. Қарабұлақтағы «Женіс» саябағы мәселесі де көтерілді. Бұл нысан ұзақ уақыт бойы тұрғындар үшін өзекті мәселе болып келген. Өңір басшылығының қолдауымен саябақ құрылысы аяқталды. Ендігі міндет – аумақты күтіп ұстау, қосымша ағаш отырғызу, тазалық пен тәртіпті сақтау және жасыл желектерді қорғау.

– Саябақтың қазіргі жағдайы көңілге толмайды. Әсіресе көк шөпті егу, күтіп ұстау жұмыстарының сапасын көтермейді. Саябақ – аудан халқының демалатын орны. Сол себепті саябақтың тазалығы, күтіп-ұстау, суғару сияқты жұмыстары әрдайым бақылауда болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

**СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ, ТАПСЫРМАДАН НӘТИЖЕ ҚАЖЕТ**

Келелі жиында аудан әкімі Елдос Ахметов ауданда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларымен бөлісті. Өткен жылғы облыс әкімінің халықпен кездесуінде көтерілген сын-ескертпелер бойынша жұмыстар жүргізілгенін, қазірдің өзінде кемшіліктерді қалпына келтіру қарекеті барын баяндады. Бейбіт Исабаев атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, аудан әкіміне бірнеше нақты тапсырма берді.

– Ауданда қоғамдық ахуал тұрақты, аудан экономикасы өсуде. Бұл тұрғындардың бірлесіп істеген еңбегінің нәтижесі. Біздің міндет – халықтың әл-ауқатын арттыру, ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Дегенмен, ауданда қолға алатын бірнеше өзекті мәселе бар. Ауданды әлеуметтік-экономикалық жағынан ары қарай дамыту үшін барлық мүмкіншілік қарастырылау. Ол үшін жұмысты жүйелі жоспарлап, жоспарлардың жүзеге асырылуын қатаң бақылау қажет, – деді Бейбіт Өксікбайұлы.

Ауданда атқарылуы тиіс жұмыстарды тізбектеген аймақ басшысы әуелі табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесін таразылады. Аймақ басшысының айтуынша, ауданда жұмыс істеп тұрған қарьерлер негізінен шикізат өндірумен ғана айналысып, аумаққа жеткілікті экономикалық тиімділік бермей отыр. Сондықтан құрылыс материалдарын сол жерде өндіретін кәсіпорындар ашу қажет. Бұл өнеркәсіпті дамытуға, өнімнің қосылған құнын арттыруға және ауданда көбірек пайда қалдыруға мүмкіндік береді.

Жайылым мәселесі де ауданда күн тәртібінен түспегендей. Бейбіт Исабаев Шымыр, М. Байысов және Ешкіөлмес ауылдарындағы жер тапшылығы туралы шағым көп түсетінін жеткізді. Сол үшін аудан әкімдігі пайдаланылмай жатқан жерлерді, соның ішінде жайылымдық алқаптарды мемлекетке қайтару жұмыстарын күшейтуі қажет.

Ауданға қажетті басым бағыттардың қатарында ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру және жай шикізат өндіруден терең өңдеуге көшу, су үнемдеу технологияларын енгізу міндеттері тұр. Облыс әкімі Елдос Тұрсынбайұлына «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша тұрғындарға ауылдық кооперативтер құруға, шағын өңдеу кәсіпорындары мен дайын ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын цех ашуға жағдай жасауды жүктелді. Аудан әкіміне жүктелген келесі міндеттің бірі – Көксу және Қаратал өзендерінің жоғары гидроэнергетикалық әлеуеті мен табиғи су ағыны мүмкіндігін ескере отырып, бөгетті су электр стансыларын салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және салық базасын ұлғайту.

Жыны сонында Бейбіт Исабаев барлық тапсырма сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуы тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, билік пен халық арасындағы тұрақты ашық диалог, өзара түсіністік, жанашырлық пен адал еңбек ауданның әрі қарай дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатының негізі болып қала берді. Бастысы, халыққа қызмет ету міндетін мойнына алған атқамінерлер жауапкершілік пен уәдеде тұру қасиеттерін жанына серік етуі тиіс.

Ескелді ауданы



ЖЕҢІС

САЯБАҒЫ

## МЫҢЖЫЛДЫҚТАР МІНБЕРІ

Пенералиссимус, Ұлыс-бегі Мұқалы мен Шыңғыс қаған өзара көне түрік тілінде, яки бүгінгі қазақ тілінде тілдескен. Мұқалының өз ағайын-туыстарымен немесе Шыңғыс қағанның әкесі Есугей, анасы Олең, қатыны Бөрте, болмаса айналасындағы қонырат, керей, найман, меркіт өзге де тайпалар өкілдерімен аудармашы арқылы сөйлесті деген мәлімет әлем шегінде жоқ. Қағанымыз полиглот болмаған, тек ата-анасының қанымен берілген түрік тілін ғана білген.


Әлішер Науаидің «Моғол тұқымынан болған патшалар билік басына келді – түркі тілі қайта бел ала бастады», – деген лебізінде көп сыр тұнып тұр. Моғолдардың мемлекеттік тілі көне түркі тілі еді. Он тоғызыншы ғасырдың басына дейінгі тарихи құжаттарда да, шежірелерде де «монғол» деген сөзіңіз атымен жоқ. Ұлы қағанның және ұрпақтарының мөрлері де, ішкі-сыртқы құжаттарының айналымы да түрік тілінде жүргізілген. Мұны Күйіктің 1246 жылы Рим папасына жазған хатындағы мына сөйлемнен анық байқаймыз: «Күдіреттің күшімен күннің шығысынан батысына дейінгі барлық жер бізге берілген!». Егерде олар монғол болса, неге сол тілде құжаттар толтырылмаған деген орынды сауал туындайды. Бүгінгі халха-моңғол тілі XV-XVI ғасырларда, яғни Шыңғыс қаған өмірден өткеннен кейін II-III ғасырдан соң пайда болған. Түрік тілін түсінбеу себебі осында. Мәселенің мәніне келсек, 1388 жылы бүгінгі Моңғолия жеріне ереуілдеушілерді басу үшін қытайдың жүз мыңдық әскері келіп, әбден тазалайды. Босаған аумаққа шүршіттердің іштен үздік-создық келуі екі ғасыр бойына толастамайды. Әрине, мұндай қыспақта түркі тілі ұмытыла бастайды. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, XVI ғасырда буддизм мемлекеттік дін болып қабылданады. Біртектес ұлт дегенің енді осы. Шүршіттердің жана көсемі Нұрхаси бұрынғы ұйғыр (түрік) жазбасының орнына көптеген өзгеріс арқылы халха-моңғол алфавитін 1559 жылы өмірге әкеледі. Сондықтан да академик В.П. Васильев (1818-1900): «Скорее всего, мы можем допустить, что Чингисхан не говорил языком, который мы ныне называем монгольским, имеем в виду также, что вряд ли говорили на этом языке и единоплеменные с Чингисханом «древние моғолы», – десе, тарихшы Ю.П. Юдин: «Моғолдар түріктің қандай тілінде сөйлеген деген мәселеге келер болсақ, біздің ойымызша олар түрік тілінің қыпшақ тобында сөйлеген, ол тіл қазақ тіліне жақын», – деп құдайшылығын айтады. (О родоплеменном составе монголов Моғолистана, их этнических связях с казахскими и другими соседними народами. Москва, 1965).

Әдетте, жазба тіл – мемлекеттіліктің басты белгісінің бірі саналады. Орхон мен Енисей бойларында заманымыздың VIII ғасырында тасқа қашалған жазулардың тілі неткен керемет! Әрі икемді, әрі қуатты тіл. Керек десеңіз, сол дәуірде мұндай рухани байлық Еуропа мен Азиядағы небір отырқышы халықтардың үш ұйықтаса түсіне де кірмеген. Түркілік сына жазуы – көне өркениетіміздің бұлтартпас көрінісі. Осы арада мысалға, біздің эрамызға дейінгі V-IV ғасырға тән Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласы іргесіндегі обадан табылған Үйсін патшалығы ханзадасының алтын бейнесі және сондағы күміс зереннің сыртқы бетіне екі қатар етіп жазылған сына жазуының мән-мағынасы еркін елдігімізбен қатар келер ұрпақ қамын терең толғана білер ертеден келе жатқан ұлтжандылығымызды білдіреді. Демек, мынау Ұлы Даланың иелері бұдан 2500 жылдан астам мезгілден бері әліппіні бар өркенітер өрісінде ғұмыр кешкен. Үйсін ханзадасының Есік қорғанынан табылған алтын адамның қасынан табылған күміс тоғастағының сыртқы жағына 26 таңбамен ойылып, төл қарпіміз – сына жазуымен түсірілген мәтін мұның бұлтартпас дәйегі.

Шыңғыс қағанымыз «Әр тайпа өз тілінде Шыңғысқа берсін. Оны менің тілімде сөйле деп зорламайық. Әр құсты тәңір жаратқан, әрқайсысы өзінше сайрайды. Егер дүниеде тек қара қарға қалса қайтер еді немесе тек бүркіт, тек тотықұс қалғанмен қызық болмас еді. Ал күшіңді ғана жайласа, тіпті сорақы болар еді. Әр сөзіңді безбендеп өлшегендей, салмақтап айт!» – демеп пе еді? Батыс жорығы бел алған тұста Ұлы қағанның айтулы қолбасшылары Сүбедей мен Жебе Қап тауынан асып, солтүстік кавказдың даласына шыққанда аландар мен қыпшақтарға кезігеді. Аландар ә дегенде қыпшақтарды өздеріне тартып, шайқасқа кіріседі. Сонда түрік моғолдары қыпшақтарға: «Біз сендермен бір тайпаданбыз. Аландар болса, бізге қатпайды. Біздің жаққа шығындар», – дейді де өздеріне қаратып алады. Бір-бірінің тілін түсініп тұр. Араларын бес мың шақырым бөліп жатса да, дәстүр-салты да, сөзге қомақ беруі де біртекті.

Өзі айтқанындай, Шыңғыс қаған әр тайпа, әр ұлыстың өз тілдерінде сөйлей беруінің мән-мағынасын жете сезінді. Бұл олардың еркіндігі мен күш-жігеріне жол ашты. Тарих ғылымдарының докторы Талас Омарбековтың пайымдауынша да осы байламның оң екендігі байқалып тұрады. Шыңғыс өзінің әскери-ұйымдастырушылық қызметінде әртүрлі ұлыстар мен тайпалық одақтарды біріктірудің рухани және идеялық ұстынын ретінде осы тайпалардың бәріне ортақ шежірелік дүниетанымы, яғни Моғол, Татар, Оғыз, Қарахан тәрізді ғасырлар бойы ел мойындаған тарихи тұлғалардың туыстық және мұрагерлік ататек жүйесін басшылыққа алды. Мемлекетті басқару тетігіне айналған бұл шежірелік ұстаным сол заманда өзін-өзі толық ақтап, Шыңғыс төңірігіне әртүрлі тілде сөйлейтіндерді біріктіріп қана қоймай, Ұлы қаған ұрпақтарының да бірнеше ғасыр бойы билік тізгінін басқа әулетке бермей, өздерінің қолдарында ұстауларына жол ашып, арналарын кеңейтті. Ол құрған және осындай шежірелік жүйеге негізделген, бір орталыққа бағынған алғашқы көшпелілер империясының күшеюі Шыңғыстың белгілі бір тайпалық одақтарды емес, билікті қолда ұстайтын әулетті, әсіресе, өздерінің Моғол деген ұлық тұлғаның әулетіне жатқызылатындарды белсенді көтермелеуінің арқасында мүмкін болды. Халықтық шежіреге сүйенген бұл саясат әртүрлі тілде сөйлейтін түрлі тайпаларды біріктірудің таптырмас саяси-рухани және идеялық құралына айналды.

Алғашы бетке алғаш 30-40 мың жылдай бұрын өткен адамдардың тікелей ұрпақтары ретінде саналып, бүгіндері орталық және оңтүстік Американы жайлайтын майя, астека, кечуа халықтарының сөздік қорларында түрік тіліне жақын мысалдардың көптеп кездесуі олардың түп-төк төркінінің тарихы тым әріде, азиялық



А т а

Заңымыздың

Преамбула -

Айқындамасындағы:

«Біз, біртұтас Қазақстан халқы,

байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті

нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңдаған жылдық та-

рихының сабақтастығын сақтап...» деп басталар сөлді

сөйлемде әлемге өркениет таратқан бабаларымыздың

дүбірлі дәуірлері атойлап тұр! Кеткеніміз келді, кемтігіміз

тола түсті. Ұлттың толыққанды ғұмыр сүруіне негіз қалай-

тын өміршең идеялардың бірлігі ұлттық идеология деп

қабылдар болсақ, сол ұлттық идеологиямыздың басты

тұғыры – Тіл. Тіл – ұлт ретінде ұйысудың негізі. Қазір де,

келешекте де ұлт болып қалуымыздың басты белгісі. Тіл

бірлігі – Ұлт бірлігі деуіміздің өзі осынау ұлық мұраттан

туындайды. Осы тұрғыдан зер салғанда, қасиетті Сөз бен

ұлттық Сана ұғымдары егіз саналады. Демек, Ұлт жадын-

дағы Тілсіз – Ұлттық Сана, Ұлттық Таным қалыптаспайды.

атамекендерінде жатқанын көрсетеді. Кезінде Англияда елші болған ғалым Әділ Ахметов үндістермен тілдік, адами ұқсастығымыз турасында кітап та жазды.

Білір ғалымдар Ақатаев пен Ақышев 1993 жылы асқақ Алатау жартасынан қола дәуіріне жататын домбыра тартып отырған адам бейнесі салынған сұлбаның табылғандығын жария етті. Зерттеп жіберсе, бұл суреттің ғұмыры 4000 жылдықтың тереңнен сыр тартады екен. Яғни қазақтың қара домбырасы – әлемдегі барша шекті аспаптардың атасы деген сөз! Екіншіден, домбыра тартылды дегеніміз – күмбірлеп күй төгілді, шарықтай ән қалықтады деген ұғым емес пе, мынау байтақ далада!

Көк түріктер 552 жылы Бумын қағанның басшылығымен ежелгі қарсыластары жужандарды талқандап, өздерінің билеушісің «Ел қағаны» деп атағаны баршаға белгілі. Осы философиялық тұжырым мен асыл мұрат Күлтегін мен Білге, Тоньық дәуірінде де жалғасын жарасымды тапты. Соның айқын айғағындай, Күлтегін кіші жазуының 8-ші жолында: «Отүкен қойнауында отырған, мәңгі ел ұстап отырарсың сен!» деп тасқа таңбалай қашалған. Демек, «Мәңгі ел» идеясының бабаларымыздың арман-мақсатымен ұштасатын берік негізі, құс жолындай сайрап жатқан тарихи да тағылымды кеністігі бар!

Мындаған жылдар жүзінде түрік тілінің тұңғыш да, негізгі сарыны да өзгермей келеді. Ел аты, ұлыс, хандық есімі, тайпа-ру атаулары әркілі ағалып отырса да, бабаларымыз бір тілде сөйледі, қоғам түзді, төңірегімен белсенді қарым-қатынас жасады. Сол себепті де халықтың шынайы тарихының төркінін сол халықтың тілінен, ұрпақтан ұрпаққа рұханы жетіп отырған ауызша, я жазбаша шежіресінен, аңыз-әфсана, бай фольклоры, жыр-дастандарынан сүзу қажет. Демек, зерттеу нысанасына алынып отырған халықтың қасиетті тілін білмейтіндердің бұл ретте қандай да бір нәтижеге қол жеткізем деуі айға қол созылған тең әрекет.

Ғалымдардың дәйегі бойынша алсақ, адамзатта 13 ірі жазу мәдениеті тіркелген. Біздің ата-бабаларымыз осылардың төртеуін, яки «Ғұн таңба жазуы», Орхон-Енисей алфавиті, Соғды, Ұйғыр жазуын өмірге әкелген. Ал мұның ішіндегі Орхон-Енисей сына жазуы – Үйсін мен Қанды мемлекеттері қолданған байырғы жазудың жаңғырған үлгісі екендігін ғалымдарымыз дәлелдеп шыққан.

Енді еркін қолымызға тие бастаған тарихи деректемелер мен археологиялық ескерткіштер Ұлы Дала иелерінің де ұлы болғандығын жананға үстін-үстіне айшықтап беруде! Сол себепті де ғаламның ақиқатқа ден қойған тарихшылары «Азия – барша адамзаттың Отаны» деген пікірге амалсыздан тоқтасып отыр. Еуразия құрлығын еркін жайлаған көне түркілер адамзат атаулығы алдымен өркениет саулесін шашты. Ұлы Даламызда тұңғыш жазу мәдениеті, қала тұрғызу өнері пайда болды. Металлургияның отанына айналды, жылқы бастаған жабайы малдарды тұнға қылғай ұйретті, алтын адамды мүсіндеді. Б.э.д. үшінші мыңжылдықта Қосөзенде әлем өркениетінің

алтын бесігіне айналған шумерлер ғаламатын қолдан жасағандар – осы Ұлы Даладан ығысып барған біздің данқты бабаларымыз! Демек, көне түрік тілі б.э.д. үшінші мыңжылдықта шумер тілімен қатар қолданылғандығын, тіпті шумер тілі деп жүргеніміздің өзі нағыз түрік тілі екендігі айғақталды дәл бүгін. Өркениет атаулы, міне, осы арадан Мысырға және Еуразия құрлығының өзге өңірлеріне жетті емес пе! Ал көршілес Қытайыңызда өркениет ошағы б.э.д. екінші мыңжылдықтың екінші жартысында ғана пайда болғандығын ескерсеңіз, еркіндікті еншілеген ерлер ісіне есіңіз кете таңданысыз да!

Қазақтардың қай нәрсеге де кең даланың көкесенгір биігінен зер салатындығын, осының арқасында алыс көкжиектерді бірден бағдарлай білер қасиетін, дарқан табиғаты мен күн сәулесіндей шұғылалы пейілін, ешкімді жатырқамас ақкөйлек болмысын түркітөктес халықтар да, біздің отандастарымыз да онды түйсінуі қажет деп есептейміз. Неге десеңіз, Ұлы қағанымыздың ғұмыр-дариясын зерделеген сайын тың белестер пердесі түріле түсеуде.

Жұлдызды ақынның Мағжан Жұмабаев «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орапыл, терең тіл жоқ» десе, Мәшһүр Жүсіп Көпеліұлы «Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деп тамсана жазған еді. Олай болса, заманында дәуірлеген барша Тұран жұртының мирасоры, қара шаңырағын ұстап қалған түркі тамырлас қазақ халқы тілінің түп тарихы кемінде бес мың жылдық төрінен сыр шертеді.

Әуезді де ұғынықты тіліміз табиғатпен етене үндесіп жатады. Мұның өзі халқымыздың мыңдаған жылдар бойына көшпенді ғұмыр кешіп, қоршаған ортамен жұптасып кетуінің көрінісі дер едік. Тілдік дамудың ішкі заңдылықтары арнасында қайсыбір сөз түрлерінің өзгеріске түсуі табиғи дүние. Халықтың бастан кешкен тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси өткелектерінің де әсері мол бұл ретте. Соған қарамастан қазақ халқы осындай байтаққа созылып жатса да бір-бірімен еркін тіл қатысады, ешқандай диалекті жоқ! Ұлттық бірегейліктің жарқын көрінісі осы енді!

Жұлт жадындағы тілі мен ділін сақтап қана қоймайды, жаулаған жерлеріне апарып, билік күшімен жаппай сіңірді. Евразия елдерінің бәрінде дерлік түркізмнің басым түсуі себебі де осында. Мұны өздері де мойындап жатыр. Мәселен, ғалым Юрий Дроздов «Көне Еуропа халықтарының түріктік атауы» атты кітабында «Бүкіл Еуропа ашық түріктен жаратылған» деген пайымын ашық білдіреді. Сондай-ақ, латыш ғалымы Галина Шукенің «Латыштар түріктерден тараған ба?» деген кітабы шықты. Ол да қорытындысында «Бүкіл адамзат баласы түріктен тараған. Латыш халқының да арғы тегі түрік. Латыш тілі де түркі тілінен тамыр алған тіл. Орыстың тілі латыштың тілінен шыққан» деп тұжырымдайды. Осының бәрі, айналып келгенде, бүкіл адамзат түріктерден өніп шыққан, ақ әлемнің алғашқы тілі түрік тілі болған деген ақиқаттың асықатқа ұласып келе жатқандығын айғақтайды. Осы ұстанымның ортамыздағы белсенді қорғаушысы әрі зерттеушісі

Қойшығара Салғарин ағамыз: «Бізді «қазақта жазу, өркениет болмады, мал сонында жүрді» дейтін теріс түсінік құртты. Сондықтан біз жазу-сызуы бар халықтардың деректеріне жадыланып, өз тарихымызды ұмытып, өз сөзімізді өзіміз тани алмай қалдық. Оның басты бір айғағы, біздің көне тарихымыздағы қазақтың ата-бабасы саналатын ұлыс-тайпалардың біреуінің де аты дұрыс емес. Сак, ғұн, жужан, сианби... атауларының бәрі қате, көне атауларымыздың арасындағы дұрысы – «Түрік» атауы ғана» – дейді! Бұған ешкімнің алып-қосары жоқ дер едік.

Этникалық бірегейліктің жарқын бір көрінісі «Моңғолдың құпия шежіресінде» («Шыңғыс ханның қузауыры») жатыр. Әдепкіде қытайыңыздың, кейін орыстар мен моңғол-халхаларыңыздың түзеп, күзеп, кескілеуінен шыққан нұсқасының өзі түрікше жайнап, сайрап тұр! Қағанымызға сіңген ежелгі хисса-дастандарымыздың байтақ пішілген жауар жәдігері. Филолог ғалымдарымыздың осындай теңдессіз байлығымызды күні бүгінге дейін зерттеуге ден қоймай, болмаса бата алмай жүргендігін бабалар рухының алдындағы дәріменсіздік дер едік. Шежіренің кез келген бөлігіне көз жүгіртсеңіз – көңіліңіз аспандап кете барады. Мәселен, Қоңыраттың Дай шешенінің Есугей құдасына:

*Біздің Қоңырат ежелден  
Жиені сұлу, қызы өңді ел.  
Басқаның жерін жасуламай,  
Болдырмай, сірә, дау-дамай,  
Бидай өңді қыздарды,  
Былқылдақ күіме мінгізіп,  
Жетелетіп біз нарды,  
Желдірте кеп жүргізіп,  
Желегің бүркей тұрғызып,*

*Құтты қосақ еткенбіз, – деп тіл қатуын  
(64-үзік) болмаса Жамұқа шешеннің досы  
Темірші мен Тұғырыл ханға:*

*Ақ ниеттен сүйініп,  
Айбынды туға сыйынып,  
Дәу теріден істелген  
Дауылпазды жиі ұрып,  
Болат найза қолаға алып,  
Бозғыл сауыт киініп,  
Кере ұстап садақты,  
Кертаңдақпен қилігіп,  
Шайқаспақ боп меркітпен  
Шайытандым шүйіліп, – деген сәлемдемесін*

*(64-үзік) немесе Белгітейі ноянның:*

*Тірік бізге не керек,  
Тәуекелден айнысақ?  
Тірі жүріп не керек,  
Туған жерден айрылсақ?  
Қорамсақты жастанып,  
Қан ғып ұстап садақты,  
Қу толағай бастанып,  
Құмға батсақ – сол жақсы, – деп айбаттануын*

(МҚШ. Мағауия Сұлтанаяұлының аудармасы, 190-үзік) түркілік сарын, өшпес жальын деп айтпа-паса амалыңыз бар ма?! Жалпы, Орта Азия әдебиетінің «шағатай әдебиеті» деп аталғаны белгілі. Шыңғыс қаған төрт ұлына жер үлесін берген кезде Шағатайға Жетісу, Мәуереннахр, Шығыс Түркістан өлкесі тиеді. Елі де, жері де, әрине тілі де шағатай тілі деп аталып кеткен. Науаидің:

*Ойымдағы көркем парсышаны,  
Шағатайша әсемдеп жеткіземін... – деп*

жырлағаны бар.

Әзбек ғалымы Абдурауф Фитраттың пайымынша («Шағатай әдебиеті» мақала тәржімелеген А. Жалмырза, «Егемен Қазақстан», 9 сәуір 2026 ж.), Шағатай әдебиеті Көреген Темір әулеті дәуірінің соңына дейін (XIII-XVI ғасырларда) жалғасады. Сол кезеңде Шағатай әдебиеті дастан әдебиеті, ясауилік әдебиет және сарай әдебиеті болып үшке жіктелген. Әзербайжанда, Осман елінде, Қырымда, Қашқарда, Иранда, Үндістанда шағатай тілінде поэзиялық туындылар жазылған. Шағатай тілінің түсіндірме сөздіктері құрастырылады, аталмыш тілдің грузин әдебиетіне ықпалы да бар көрінеді.

Науаи парсы тілі мен түрік тілі арасындағы сөз байлығы, әдеби үйлесімдерді салыстыра отырып «Мухакомат ул-луғанатин» атты еңбек жазды. Мұнда «түрік тілі парсы тілімен салыстырғанда өте бай әрі әдеби икемді» деген тұжырым жасап, дәлелдейді. Түрік тілінің мәртебесін биіктете:

*Парсы тілі өлді сол сәтте,  
Тілге келсем, түрік тілімен,  
Түрік ұлымын деген жанмын басынан,  
Түрік тілінде жырлар төккен шашыла.*

(«Ләйла-Мәжнуннен»).

1258 жылы Хұлағу хан өзінің ағасы, Ұлы Моғол империясының қағаны Мөңкеңің тапсырмасымен Жалайыр Елхан ноян басқарған қолымен Араб халифатының астанасы Бағдат пен Парсы, Әзербайжан, Армения, Грузия, Анатолий және кіші Азия (қазіргі Түркия) жерлерін иемденеді. Сөйтіп, Шыңғыс қағанның немесі Хұлағу хан және оның ұрпақтарының билігі 1259-1335 жылдар аралығына созылды. Елхандар мемлекеті деп аталды. «Неге Елхандар мемлекеті деп аталды?» деген сауалға жауап бере кетелік. «Елханды ұрпақтан-ұрпаққа құрметтеген моғолдар кейініректе Персия аймағындағы Жалайырлармен бірігіп құрған өздерінің мемлекетін Елхандар мемлекеті деп атады. Сонымен Моғол дегеніміз – ең алдымен жеке адам есімі. Жоғарыда айтқанымыздай, о баста Моғол – халықтық шежіреде тарихи тұлға ретінде танылғандықтан және ол Түрік деген кісінің ұрпағы болғандықтан, оның ұлдарымыз дейтіндер түркітілдестер арасында да көп болды». (Талас Омарбеков, тарих ғылымдарының докторы. «Шыңғыс хан: Шежірелік деректерде»).

Биліктің соңғы кезеңі, яғни Абу Саид хан тұсында өзара бақталастық, тіпті хан әулетінің

# Жауыттың да Аяғы

жатпайтындар да билікке таласа бастайды. Бұл тұрғыдағы қауіпсіздік күшейген кезде ханзадалар мен әмірлер Румда әмірлік етіп тұрған Елхан ноянның ұрпағы Хасан Бұзырыққа елшілер жіберіп, Елхандар мемлекетін басқаруды өз қолына алуын өтінеді. Осылайша билік шығыстектілерден бейбіт түрде жалайырларға беріледі де бұған өзге түрік тайпалары, Иран, Ирактағы және басқа да өңірлердегі жергілікті халықтар түсіністікпен қарайды. Жалайырдың екінші бір саласына билік беріліп жатыр деп ешқандай алаңдаушылық білдірмейді, артық-ауыс әңгіме де шықпайды. Біраз кенесулерден соң 1336 жылдың тамызында билікке белсене кіріседі. Кешегі бателі асқан Қабыл ханның ұрпағы. Ел тізгінін қатты ұстап, түбегейлі реформаларды жүзеге асырады. Ел-жұрттың көңілінен шығады.

Осы арада «Елхан ноян кім еді?» – деген орынды сауал туады. Ол Жалайыр Жошы-Тармаланың ұлағатты ұрпағы. Жошы-Тармала болса, Шыңғыс қағанның туысы. Елхан ноян әу бастан-ақ Хұлағу ханның қолына қолбасшылық етіп, Парсы, Анатолий мен Кіші Азияны, Бағдат пен исмаилиттердің Аламат бекінісін жаулап алады.

Ирандағы Жалайырлар мемлекетінің неліктен «Елхандар мемлекеті» аталғандығына тағы бір дәйек. Жалайырлардың Шыңғысхан орнатқан Еуразиялық мемлекетте ғана емес, Шыршық пен Ангренде де XIV ғасырда өз ордасын құрғанын, сондай-ақ, Иран-Ирак жерінде Ұлы Шейх Хасан Бұзырық Жалайыр мен Сұлтан Уәйіс Жалайыр құрған Жалайыр елхандары мемлекетінің XIV-XV ғасырларда ғажайып тарихымен ерекшеленгенін еске түсіргеніміз абзал. Сондықтан да болар, белгілі тарихшы Ислам Қабылұлы қазіргі Моңғолия жері ежелгі Тұранның бір пұшпағы екендігін айта келіп былайша тізгін тартады: «Түрік қағанатының негізін салушы Бумын қаған 552 жылы Жужандарды жеңген соң Елхан атағына ие болды. Демек, қазақтың Жалайыр тайпасының тарихы елхандардың бәрі моғолдар болғандығын нақты дәлелдейді. Шығыс тарихшылары, әсіресе парсы ғалымдары елхан лауазымын түркілер хандары да иеленгенін ежелден бері жазып келеді». (Тұран әлемі, А-ты, Санат, 2007 ж. 45-б.)

Жошы Тармаланың әкесі – Құтұлы қаған Еке Моғол Ұлысының нокта ағасы сайланды. Әмбегай қаған шұрыштырдің қолына түскенде осы Құтұлының атына өзінің кек алуға қатысты аманатын жолдағанын білесіздер. Осы Құтұлы қағанның Жошы-Тармалы, Жармақ және Алдан деген үш ұлы болады. Шыңғыс қаған Жошы-Тармаланың жылқысын Жамұқаның інісі Тайсары айдап әкеткенде Жошы-Тармаланың намысын жыртады. Соңы Жамұқамен екі арадағы үлкен шайқасқа ұласқаны аян.

Рашид ад-Дин: «Ол аймақтарда Жалайыр руынан шыққан Жошы Тармаланың үйі орналасқан еді. ...Оның ұрпақтарынан көптеген әмірші шыққан-тұғын, олардың ішінде Елугай ноян да бар», – дейді. (Жылнамалар жинағы. 4-том. 67-б. Ауд. 3. Оразбай. 2016). Расында да, Жошы-Тармалы балаларының ішіндегі атақтысы Елхан ноян еді. Ол Хұлағу ханның бас қолбасшысы әрі ұлық әмірі дәрежесіне көтеріледі. Хұлағу ең күрделі тапсырмаларды жүктеуші еді өзіне. Осы арада жазушы-тарихшы Әнес Сарайдың мына бір тұжырымын келтіре кетсек: «Рашид ад-Дин «Жылнамалар жинағын» құрастырған кезде Иранда Хұлағу ұрпағы Абаға хан төңірегінде жалайырлар өте көп еді. Әсіресе, атакты ұлы әмір Елугай-нойанның он ұлы биліктің толайым бөлігін қолдарында ұстап тұрды. Рашид ад-Дин осы әулеттің шежіресін беріп, тоғыз ұлдың бас-басына тоқталып өткен. «Жылнамалар жинағына» енген жалайырлар туралы деректер осы әулет өкілдерінен алынса керек. («Жалайыр» мақаласы). Иә, аңғарып отырғанымыздай, Ұлы қағанның айналасындағы сүйенерлерінің бәрі жалайырлар. Жас кезінен бастап оның ауыртпалықты тағдырының ыстық-суығына, Ұлы мемлекетті шаңырағының биік болуына ерен атсалысқандар да, жақын жанашырлары да, бәрі-бәрі жалайырлар.

Елхан ноянның он ұлының ішінде Орақты, Туғанбұқа мен Ақбұқа бірден ерекшеленеді. Мұндағы Орақты ноян бүгінгі орақтылардың ұлы атасы болып табылады. Ал Ақбұқа әмірдің Хүсейін, Мұсаил, Үдүнжи атты үш ұлы нағыз жаужүрекер саналатын. Осылардың ішіндегі әмір Хүсейіннің екінші ұлы Шейх Хасан Бұзырық 1336 жылы Бағдат шаһарын алып Жалайыр мемлекетінің негізін қалайды. Ә дегеннен мемлекеттің түріктік-моғолдық этно-әлеуметтік негізін қалыптастыруға ден қояды. Елхандар елін басқаруға оның құқығы бар еді. Ен бастысы, Жалайырдың Қият руына жататын Қабыл ханның ұрпағы. Оның үстіне кезінде Еке Моғол Ұлысының нокта ағасы атаған Құтұлы қағанның ұрпағы. Демек «хан» деп аталуға құқылы.

Сол заманның атақты ақыны Салман Саведжи: *Ақиқаттың зәулетіңесі, Шыңғысхан әулетінің ұрпағы, Шамдай жарқыраған пілтесі. Дінді ұлылаушы, кәпір жерін азайтушы, Әмір шейх Хасан ноян. Әскері аспандағы жұлдыздай, Юпитердей пікірлі, Меркуридей ақылды, Орны жарқыраған Күндей,* – деп мадақ өлеңін жазған.

Осылайша Елхан ноянның Ақбұқасынан өрбіген ұрпақтары – сегіз хан Жалайыр мемлекетін ғасырға жуық басқарады. Олар өздерінің

Жалайыр-Елхандар мемлекетін Шыңғыс қаған империясының заңды жалғасы деп есептеген.

Даңқы әу бастан-ақ әуелеген Жалайыр әулетінің билігі 1336 жылдан 1435 жылға дейін созылады. Астанасы әдепкідегі Бағдаттан кейін Тебриз шаһарына ауысады. Иран мен Ирак көлеміндегі барлық іргелі қалаларда жалайырлар әулетінің теңгелері шығарылады. Осы кезеңде мәдениет пен өнер, ғылым салалары да кеңінен өрістей түседі. Соның айғағындай, күні бүгінге дейін Иран мен Ирак елдерінде жалайырлар дәуірлеп тұрған шақта тұрғызылған тарихи-мәдени ескерткіштер, поэзия мен прозаның, музыканың әлемдік классикалық шығармаларының санатына енетін құнды туындылары көздің қарашығындай сақталып отыр. Сәулет өнері мен каллиграфия кеңінен қанат жайды. Мәселен, Тебриз шәһріндегі Шейх Убайыстың кесенесі көз тартады бірден. Ол заманында Мысырды басып алып, Венециямен тікелей сауда-экономикалық байланыс орнатқан.

Ана тіліне деген құрмет ерекше еді. Мемлекеттік тіл түрік тілі болды. Бар ресми құжаттар осы тілде толтырылып, шетелдерден келген елшілермен тек ана тілінде келіссөздер жүргізілген. Жалайыр билігі тұсында әйелдердің қоғамдық-саяси белсенділігі артып, мемлекеттік және көпшілік жұмыстарға кеңінен тартылады.

Аналарға, әйелдерге деген құрметтің күшейтілгендігі соншалық, олар мемлекет және қоғам істеріне белсене қатыса бастаған. Билік істеріне араласқандары да баршылық еді. Мұны Бағдатқа сапарлағанда байқаған тарихшы Ибн Батутаның қатты таңқалғаны да бар. «Түркілерде әйелдер үлкен бақытқа ие. Егер жарлық жазылса, онда хан мен хатундардың әмірімен деп жазылады. Елдің бірқатар уолайттары хантундардың иелігінде. Егер олар ханмен сапарға шыкса, тоқтаған жерде бөлек түседі», – деген-ді.

Жалайыр ханымдары мен ханшалары әскери жорықтарға да бірге шыққан. Мұны айтасыз, бес қаруын асына жауға да шапқан. Мәселен, 1347 жылы Бағдат шаһарына жау тап бергенде Ділшат қатын табан тіресе шайқасып, тойтарыс береді. Әйгілі ақын Салман Саушы осындай ерлігі үшін Ділшат қатынға арнап жыр топтамасын да шығарған. Медресе ашып, мешіт салудағы жалайыр әйелдерінің еңбектері де сүбелі. Айталық, Шейх Хасанның анасы Олжатай ханым Бағдат шаһарында салдырған Әл-Маржани мешіті әлі тұр.

Әлемдік тарихтан ойып тұрып орын алған Жалайырлық даңқты перзенттердің үлгісі көпке тараған. Озық ойлы қаламгер Абу Бакр ал-Құтби ал-Ахари Жалайыр сұлтаны Уәйіс хан (1356-1375) жайында «Шейх Уәйіс Тарихы» атты құнды еңбек жазған. Оның әлемдегі жалғыз данасы Лейден университетінің кітапханасында сақтаулы тұрғаны қандай ғанибет. Уәйіс хан Әзірбайжанда жеңіске жетіп, Тебриз шаһарына оралғанда ақын Салман Саведжи шығарған шығармасының бір бөлігін келтірейік:

*Уәйіс Сұлтан аттары шабысынан Тебриз шаһары бейне – Пайғамбардың қадамы жарық қылған, Мекке сияқты енді күйге! Уәйіс хан дүниеден озғанда қатты қайғырған Салман Саведжидің жоқтауынан үзінді берілік: О, көк аспан, сабаңа тус, оңай іс әжібермедің, Патшамыз өліп, Иранның мұмин елін Қираттың, бірден астан-кестен еттің. Күн батқаннан кейін – түннің жарымында, Нұрлы айдың жазаасына қол салғыздың да, Жұртқызып тындың. Ал, бұл жай нәрсе ме, Мұминдердің тағдыры, жер-мүлкіне, Зияны тиер іс. Әрине, бәрі Өз еркіңде.*

Иранның ұлы ақыны Шәмс-оддин Мұхаммед Хафиз Жалайыр патшаларымен етене байланыста болған. Арнаған жырлары да баршылық. Ақынның Уәйіс Сұлтанға деген шынайы құрметі мына бір ғазалының бөйігінде айқын көмкерілген.

*Жан-тәніммен мен өзім Уәйіс Сұлтан пендесімін. Ол өз құлын ұмтыста да әлемде, Күндей сұлу жарқыраған, Ешкім тең келмесі хақ оған. Күн дидарлы, «Күн» деуге де, Лайықты кез-келген теңеуге. Хафиздың жырынан есер де, Әлдекім қате іздесе, Мейірім жоқ оның жүрегінде.*

Хафиз шайыр Жалайыр патшасы Ахметпен де жақсы қарым-қатынаста болған екен. Ахметтің де ақындық өнері белгілі еді. Өзара поэзиялық еңбектерімен алмасып тұрса керек. Ахмет Сұлтанға арнаған ғазалының алғашқы бөйігіне зер салалық:

*Қолыңдағы қалам біздерді, Есіне алса бір кездері. Онда оның құрметіне, Екі жүз тұтқың пендені, Бекстмуға лайықты ол, әрине. Осы бөйіт жолдарына үнілсек, Уәйіс ханның ұлы жалайыр Ахмет хан да (1383-1412) қатал болған секілді. Әйткенмен, әдебиет пен өнерді өте ұнатқан. Оның түрік және парсы тілінде жазған жарқын туындылары Стамбул шаһарындағы Ислам мұрасы мұражайында, сондай-ақ, парсы тіліндегі 808 бөйіттен тұратын «Диван» атты өлеңдер жинағы Вашингтондағы Фрир галереясында көрермендер назарына әлі күнге ұсынылууда.*

Мына лирикалық ғазалының орны тіптен бөлек: *Өзіңді көргенде менің, Құмарлығым артабы.*

*Тіпті, қараңғы түн сенің Көркем жүзіннің шуағы. Әсер етіп нұрланады, Таңғы шапаққа айналады.*

Елдегі түрлі сурет өнерінің ішінде сызба саласы бел алады. Ал бейнелеу өнерінде су мен бояуды араластырып пайдалану әдісі қолданылған. Суретшілер арасында Ахмет Мұсаның тұлғасы ерекшеленді. Оның мектебінен бірқатар тәлімді шәкірттер түлеп ұшқан. Соның бірі – Шәмсиндин ұстаз болатын. Уәйіс Сұлтанның өзіне де тәлімгерлік еткен осы кісі еді. Уәйіс Сұлтанның өзі де сурет салудың шебері атанған.

Сонымен қатар, керамикалық ыдыс-аяқ, темір, мыс бұйымдарын, қару-жарақ жасау, тоқыма мата өндірісі, кілем тоқу, тамбурмен және алтынмен кестелеу, кітап түптеу, алтын жалату, ойып жазу, әйнек шығару, бағалы тастармен әшекейлеу істері барынша дамыды. Осы ретте сол жалайырлар дәуірінен мұра боп қалған үлкен мыс ыдыс бұйымда Тегеранның археология мұражайында «Шейх Уәйіс Джалайри» атымен күтімде тұр.

Иә, Жалайыр Ахмет хан (1383-1412) тұсында Жалайыр мемлекеті дипломатия тілімен де, қарулы күштің пәрменімен де елдің жер көлемі ұлғайып, одан әрі дамиды. Сөйтіп жүргенде шайғыстан бір қатерлі жау пайда болады. Ол кім дерсіз? Ол аталас, қандас, барлас Ақсақ Темір еді. Енді Рашид ад-Динге жүгіңелік: «Тумбина хан – Шыңғыс ханның төртінші атасы. Оның ақылды, қабілетті әрі ержүрек тоғыз ұлы болды. Үшінші ұлы – Қажулы. Оның ұрпақтарынан барлас руы тарайды. ...Алтыншы ұлы – Қабыл хан. Шыңғыс ханның шежіресі соған барады» (Жылнамалар жинағы. 4-том. 124-б. Ауд. 3. Оразбай. 2016). Міне, Ақсақ Темір осы Қажулының ұрпағы, барлас. Ал Жалайыр Ахмет хан аталған Тұмбине ханның алтыншы ұлы Қабыл ханның Құтұлы қағанынан өрбиді. Қос мықтына бұдан артық қандай туыстық қажет десеңізші?!

Содан Жалайыр мемлекетінің солтүстік иеліктерін (Хоросан, Мазендаран, Әзербайжан) басып алған Ақсақ Темір Бағдаттағы Ахмет ханның бағынуын талап етеді. Дүрділеп тұрған Ахмет хан бұған қалай көнсің. Ахметтің илмейтініне көзі жеткен Ақсақ Темір былай деп ақтық хатын жазады. «Патшаға тән ізгі ниетті, бақытты әрі игіліктерге бөленген, сұлу және атак-даңқы жер жарған, жеңіс жалауын желбіреткен, ал әскері жеңімпаздық туымен ерекшеленіп, жүріп өткен жерінде мейірбандылық, қайырымдылық ізін қалдырған Ахмет Жалайыр келбеті шахқа лайық, аса бақытты, жолы болғыш жан еді. Ол даңқты жеңісінің айғағы ретінде Ширазға қайтып келгенінде, жеңілген Мансұр он мыңға жуық атты әскері мен өзін құрбандыққа шалып, жеңімпаздарға берілді де, әскерін таратты. Алайда, сен бүгін өзінді өзін тани алмасаң, онда біз сенің тағыңды әрі жұлдызыңды танимыз. Бұйрық мынадай, тақтың қорғаушысы, жұлдыздай биік дәрежелі, бай да күшті, қуатты ғалам сарайына аяқпен емес, бәспен тез арада жетіндер, сарайдың шаңық көздеріңмен сүртіндер. Сонда патшаға лайықты өліммен көз жұмасың деп үміттенеміз».

Жалайыр мемлекетінің ханы Ахмет Жалайырдың берген жауабы. «Өзінің қатыгездігімен, жауыздығымен танылған бейшара Темір, біліп қой, сенің сұрықсыз, әдепсіз хатын мен сорлы жаушың әлемнің жарылқаушысына, оның қасиетті табалдырығына жеткен бойда оны жай ғана қызметшілерімізге оқыттық. Бұл – бастан-аяқ қулық-сұмдыққа толы, өзін-өзі дәріптейтін мақтаншақ, әділетсіз және өзіншіл талапты білдіреді. Аяқ-қолдан айырылып, адасқан түлкінің арыстандай айбат шегіп, тексізді тектімен салыстырғаны келетіні таңырқатады. Біздің жұлдызы жарқыраған бағмыз бен тағымыздың атақ-даңқы ата-тегімізге байланысты, бір-бірімізбен мұлдем қабыспайды, бейне даладағы құмырсқалар тәрізді жырақ, алыс: *Атың желдей жүйрік, асау болса,*

*Адамзат әдебиетінің алыбы Л.Ғ.Толстой сонау 1910 жылы: «Казахский язык должен стать мировым языком. Частанет время (и оно не за горами) – казахский язык начнут изучать по всей меридианами земного шара!» деп толайым тұжырымдағанда да біз жоғарыда тілге тиік еткен дәйектемелерге сүйенген еді. Дегенмен, әулие екен. Тәңірімі тарту еткен қаршадай бір Димашымыздың арқасында Жапонияңыздан бастап Мексикаға дейінгі аралықта қазақ тілін үйрету орталықтары үстін-үстіне ашылу үстінде! Осы үрдіс тоқынында ондаған ғасырлар жүлгесінде Еуразияның халықаралық тілі болған қалпына қайта айналмақ! Елімізде бірінші сыныпқа барған балалардың 70 пайызы қазақ мектебін қаласа, Ұлттық бірыңғай тестілеуді түлектердің 80 пайызы мемлекеттік тілде тапсыруда. Осының бәрі, түптеп келгенде, ықылы заманалардан бері тағдыр тәлкегіне батылдығы мен байыбын, ақыл-парасатын қалқан етіп, мынау Ұлы Даланы, барша ұлттық құндылықтарымызды мирас етіп қалдыра білген, Ел еңсесін түсірмеген байтақ бабаларымыздың арқасы!*

Әміре ӘРНН, Бүкіләлемдік Шыңғысхан академиясының, Қазақстан Журналистика академиясының академигі

*Онда ақсақ емес мен мінген қара жорға да!* Алланың көшіріміне бөленген Жәңімпаз Шаһ (әкесі Сұлтан Уәйіс хан) ханзадасының жеңіс жырындағы әр нәрсе, әрине, бұл асыл құндылықтардың барша мән-маңызын анықтайтын, нені қаласа соны өшіріп тастайтын, әр нәрсенің мерзімін белгілейтін Алланың ең ұлы Кітабында жазулы әрі тіркеулі. Осылайша, Жаратушы иеміздің құзырындағы бұл Кітап барлық жазбалардың, кітаптардың анасы, қайнар көзі. Ендеше ондағыдан басқа, мысалы, «аяқпен емес, баспен келіндер» деген тәрізді жазулар оның Ұлы Кітабының алдына шыға алмайды. Күшіміз жетсе, бағынбаспыз, ал оған карама-қайшы жағдай болса, онда мезгілден бұрын қашпау пайғамбардың сүннеті, залымдарды келген жеріне қайтаруды қолдап, әмір береміз және соған тырысамыз».


Бұл хаттан соң да екеуі жиырма жыл бойына небір қанды шайқастарды бастан өткереді. Бірін-бірі ала алмайды. Күшпен көндіре алмасына әбден көзі жеткен Ақсақ Темір оған тыңшы ретінде өзінің сенімді әмірлерінің бірі Шируанды жібереді. Оның тыңшы екендігі аяқ асты әйгіленіп, басы алынады. Осыдан соң аралары бұрынғыдан да ушығып, екеуі ашық жауласады. Болмаған соң Ахмет хан – Ақсақ Темірді жеке-жеке шақырады. Ақсақ Темірді сарайындағылар шығармай қояды. 1395 жылы Ахмет хан Мысырдан оралып, Бағдатты қайталай өзіне қаратады. Сонымен несін айтасыз, Шыңғыс қағанның бесінші атасы Байсұңқардан тараған қандас қос қыран бірін-бірі ала алмайды. Ұзын-ыргасы жиырма жылға созылған соғыс 1406 жылы Ақсақ Темір Отырарда қайтыс болды деген хабар жеткеннен кейін ғана доғарылады.

Әрине, осыншама уақыт бойына үздіксіз жүргізілген арналыс Жалайыр мемлекетінің күшін әлсіретіп кеткен еді. Осы сәтті тиімді пайдаланған Ахмет ханның одақтасы қарақойлылықтар тайпасының әмірі Қара Жүсіп Әзербайжан мен Иранға шабуыл жасайды. Бұл дүрбелең бес-алты жылға созылады. 1412 жылы қааарман Ахмет хан ұрыс даласында қаза табады. Оның інілері мен немерелері басшылықты алма-кезек қолға алып, ел түтігін түзу шығара береді. Тарихшы О. Исмаиловтың бұл реттегі бабы: «Ахмет ханның Ала-Алдаулях, Мәлік-Тағыр, Ақбұқа және Әли-Алшағыр есімді төрт ұлы болған еді. Соның бірі Әли-Алшағыр (1385-1435) ерлігіне қоса елшілікке бейім болған. Алтын Ордаға барып, Тоқтамыспен келіссөздер жүргізген. Содан 1390 жылдар шамасында жалайырлардың бір бөлігі Бағдаттан Еділ-Жайық өзендерінің бойына қоныс аударады. Бұлардың ішінде ханзада Әли-Алшағыр да бар еді. Алтын Орда сардарларының сапында ерліктің үлгісін көрсеткен ол әрі қолбасшы, әрі би дәрежесіне көтеріледі. Осы Әли-Алшағырдан 1420 жылы Қазақ хандығын жанкештілікпен құрысқан Орақты батыр дүниеге келді (Жалайыр Орақты батыр. Алматы. 2023).

Түптеп келгенде, елхандық жалайырлар Иран, Ирак, Құрдстан және Әзербайжан, Грузия жерінде (1335-1432) 97 жыл билік құрды. Аббасидтер мен қандықол исмаилиттерді талқандаған соң Ауғаньстаннан Иракқа дейін созылып жатқан кен-байтақ жерге иелік етті. Жалайыр билігі басталысымен Иракқа жан-жақтан тұркітекестер көптеп келе бастады. Бірден бәрі әскерге алынды. Әдебиет пен өнердің көкжиегі кенейді, діни қатынастар жетілдіріліп, қала-сәулет құрылысы өркеніеттік деңгейге көтерілді.

Сүйсінерлігі сол, Жалайырлар әулеті билігінің әділеттігі мен кемелдігі жер-жабаңға тараған. Өйткені осынау биліктің қарамағында ғұмыр кешкен мемлекеттердің бәрі де өркендеп, өркеніет көшінен қалмаған. Қаншама экономикалық және соғыс ауыртпалықтарына қарамастан Иранның мәдениеті мен өнерінің, әдебиеті мен сәулетінің, әлеуметтік салаларының дамуына ден қойылған. Айтулы ілгерілеушілікке қол жеткізген. Парсы поэзиясының ең озық үлгілері мен інжу-маржандары осы кезде түзілген. Сол себепті де қазірге дейін парсылықтар жалайырлар билігі дәуірін елдің бір ерекше тынысы ашылып, биікке самғаған уақыты еді деп ризашылықпен еске түсіреді. Әрі тарихтарына таңбалап жазып та қойған!

Көп тіл білудің артықтығы жоқ. Мәселе жеті жұрттың тілін білсең де, соларды өз ұлтыңның алға қойған асыл мұраттарына қол жеткізуге қолдана білуде. Жаңа дәуірге дейінгі тарихымызда бірнеше тілді жетік меңгерген Алып Ер Тоңға, Шу батыр бабаларымызды былай қойғанда, біздің зрамыздың Аттила (Еділ батыр), Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Әл-Фараби, генералиссимус Мұқалы, Ирак пен Иранды билеген Ұлы Хасан шейх, Мысырды қол астында ұстаған Сұлтан Бейбарыс, тарихшыларымыз – Жамал Қаршы, Қадырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати, Шоқан Уәлиханов, кешегі Алаш арыстары көп тіл арқылы игерген теңіздей білімдерін елдің игілігіне, келер ұрпақтың қамына жаратты! Қазір де осы жарқын өнеге полиглот Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев үлгісімен өзіндік өрісін табуда!



ЖЕТІСУДАН шыққан жас ғалым Ернар СЕРІКЖАНҰЛЫ бүгінде Түркияның Нийде қаласындағы Өмер Халисдемир университетінде ғылыми зерттеумен айналысып жүр. Бұған дейін ол филология мамандығы бойынша Польшада магистратурада оқыған. Халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтағаннан кейін елге қайтып, мектеп қабырғасында шәкірттерге саналы тәрбие, сапалы білім берді. Біз ғалыммен бүгінгі ғылым, жасанды интеллект және еліміздегі, шетелдегі ғылыми ахуал туралы аз-кем әңгіме өрбіттік.



# Жасанды интеллект қоятын уақыт жетті

Ендік КЕНЕБАЙ

**– Ернар мырза, шетелге шығуыңызға не себеп болды?**

– Елде, шетелде білім алып, тәжірибе жинап, 10 жыл туған жерімде мектепте қызмет істедім. Біршама жетістікке де жеттім. Тұрақты жұмысым да бар. Отбасы, туған-туыс, дос-жарандар ортасында алаңсыз өмір сүрдім. Жайлы баспанам да, көлігім де болды. Қысқасы, бір басыма жетіп артылатын дәулетім жеткілікті еді. Алайда үнемі бір дүние жетпей тұратын. Күнделікті күйбең тіршілік өмірдің мәнін жойып бара жатқандай сезілді. Сөйтіп, «комфорт зонадан шығу керек» деген дабыл қағып, бір сәтте-ақ шешім қабылдап, бәрін тастап, «отбасыммен Түркияда білім аламын» деп шештім. Бұл шешіміме қуанбасам, ешқашан өкінбеймін. Осылайша Түркияда екінші өмірім басталды. Жаңа өлке, жаңа менталитет, жаңа мәдениет. Көп дүние үйрендім. Терең ой түйдім. Жетекшім өте білімді де білікті маман – Адем Йелоғлу. Нийде Өмер Халисдемир университетінің оқытушысы, доктор. Кафедраның негізгі оқытушыларының бірі. Сібір/солтүстік-шығыс түркі тілдері бойынша жауапты. Студенттермен ғылыми жұмыс жүргізеді. Түркі тілдері мен әдебиетін зерттейтін маман. Ғалым үшін тәжірибе алмасу, ғалымдармен пікір бөлісу – үлкен олжа. Осы тұрғыда жолым болды.

Шетелде біржола қалып қою деген ой мүлде жоқ. Керісінше білім-ілім алып, рухани байып,

еліме оралып, өмірімнің соңына дейін білгенімді өзгелерге үйретіп, адал қызмет етемін. Шетелде өмір сүріп жүріп біраз дүниені көкейіме түйдім. Біріншіден, елінің, жерінің қадірін терең түсінесің. Сен Қазақстаннан басқа жерде арқанды кенге салып алаңсыз, емін-еркін жүре алмайсың. Екіншіден, егемен елін бар екенін сезінгенде әлемнің қай түкпірінде жүрсең де ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫ екенінді зор мақтанышпен, нық сеніммен айта аласың. Мен үшін бұдан артық қуаныш жоқ. Егемендік біздің ең басты байлығымыз. Осы байлықты көздің қарашығындай қорғауымыз керек. Әрқайсымыз еліміз үшін қолымыздан келгенше қызмет етуге міндеттіміз. Болмаса жай ғана ел үшін жақсылық жасасак та жеткілікті. Әсіресе, жастар. Бізге артылған жауапкершіліктің жүгі ауыр.

**– Сіздің негізгі зерттеу бағытыңыз қандай? Докторлық диссертацияңыз туралы айтып өтсеңіз?**

– Түркология. Түркі халықтарының тілі мен әдебиетінің тарихын зерттейміз. Жетекшім – Адем Йелоғлу екеуміз ақылдаса келе «Абай Құнанбайұлы мен Әлішер Науаи шығармаларындағы әдеби-рухани сабақтастық» тақырыбын таңдадық. Екеуміз екі әлемнің тұлғасымыз. Ол кісінің ұстанымы бойынша түркі халықтарын жақындастырудың ең тиімді жолы – тілдік жағынан зерттеу. Яғни «ортақ алфавит, ортақ емле болса, халықтар бір-бірін еш қиындықсыз

түсінеді» деген ойда. Бүкіл түркі тілдерінің атауын ортақ «түрік тілі» деуді ұсынады. Мысалы, түрік тілінің қазақ диалектісі, түрік тілінің өзбек диалектісі дегендей. Осы бағыт бойынша тақырып таңдауды ұсынды. Алайда көңілім дәл осы тақырыпты қаламай, келіспедім. Себебі тілде тұрған ештеңе жоқ. Оның үстіне қазіргі таңда әрбір түркі халықтарының тілдері жеке-жеке тіл болып дамып кетті. Ортақ сөздер болғанымен әр тілдің тарихи емлесі бар. Мысалы, қазақ тілін бір тілдің диалектісі деу дұрыс емес. Сондықтан әдебиетті зерттеп түркі халықтарының ОРТАҚ МЕНТАЛИТЕТІН, ОРТАҚ МӘДЕНИЕТІН, ОРТАҚ КОДЫН анықтауды ұсындым. Және осы ұстанымымды жоғары бағалаймын. Бұл жұмыс түбінде өз жемісін беретініне сенімдімін.

**– Ғылым мен бизнес арасында байланыс бар ма?**

– Дамыған елдерде ғылым мен бизнес бір-бірінен бөлек емес. Керісінше, олар бір арнада. Егер бизнеске ғылым қажет болса, ғылым автоматты түрде дамиды. Қазақстандағы кең қолданысқа ірі компаниялар өзінің ғылыми-зерттеу зертханаларын ашса, бұл үлкен серпіліс болар еді. Ғылым тек грантпен өмір сүрмей экономикамен байланысуы қажет.

**– Қазақстан мен Түркияның ғылыми даму деңгейі қандай?**

– Екі ел арасындағы ғылым жайлы бөліп-жарып нақты ештеңе айта алмаймын. Ғылымның дамуы екі елде де қалыс қалып жатқан жоқ. Тек

бағыттары бөлек демесек. Менталитеттегі айырмашылықтан ғана сәл сезінуге болады. Елімізде ғылымға барынша көңіл бөлініп келетіні қуантады. Біз әлемді мойындағандамыз десек, ғылым жолынан бастауымыз керек. Жалпы, ғылымда сіздің еңбегіңізді байқап, бағалайтын орта болса, мүмкіндік біртіндеп ашыла береді.

**– Ғылым жолында бізге не жетіспейді? Не істеп керек?**

– Бұл сұраққа тек зерттеп жүрген бағытым бойынша ғана жауап бере аламын. Бізге дәл қазір жалтақтауды қою керек. Нақты бүгінгі күні мұның тигізер пайдасы шамалы. Өз ұстанымымызды берік ұстансақ жеткілікті. Осы күнге дейін тарихты басқалар жасаса (өз идеологияларымен), енді өзіміз қолға алу керек. Бұл жол үздіксіз еңбек етуді талап етеді. Төл тарихымыз ата-бабаларымызды дәріптеу үшін емес, сабақ алу үшін зерттелсе деймін. Өткен шақта жіберілген қателікті болашақта қайталамас үшін сабақ алған жөн. Ғылымда еркіндік болу керек. Ғылым жолында жүрген әріптестерім бір идеологияның жақтаушысы болса, онда мен ондай адамды «ғалым» деп санамаймын. Ғылым да әдебиет секілді АРДЫҢ ІСІ.

**– Жастарға айтар кеңесіңіз қандай?**

– Жастық шақ жалындап тұратын, қайта айналып келмейтін тәтті кезең. Сондықтан оны қалағаныңша қызықты, пайдалы өткізген дұрыс. Әр адам өз қызығушылығын, өз жолын тапқанда ғана өмірге босқа келмегенін түсінеді. Ғылым-білімге ұмтылудың да өзіндік бір ләззаты бар. Осынау даңғыл жолға бет бұрған жастарды ешқашан өздерін шектемеуге шақырамын. Өмірде мүмкіндік те, адамның қиялы да шексіз әрі шетсіз. Ал осы мақсатқа жету жолында шағын мемлекет саналатын отбасының қолдауы, демеуі аса маңызды. Шаңырағы биік, іргесі берік, рухани бай, бақытты балалы-шағалы отбасын құра білсең, бұл өмірде сенен мықты адам жоқ. Сол үшін жастарға Міржақып атамның аманатына адал болайық дегім келеді.

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қарағым, енді жату жарамас-ты.*

**– Сіздіңше, жасанды интеллект ғылыми жаңалыққа жол аша ала ма?**

– Жасанды интеллект – ықтималдыққа негізделген. Мысалы, сіз ChatGPT жүйесіне сұрақ қоясыз. Ол нақты «ойланып» жауап бермейді, тек ықтималдығы жоғары жауапты таңдайды. Сондықтан оның жауабы әрдайым 99,9% анық болады деп айту қиын. Адамда көру, есту, оқу, ойлау сияқты бірнеше қабілет бар. Ал қазіргі ЖИ негізінен тек мәтінмен жұмыс істейді. Дегенмен компьютерлік көру (computer vision) бағытында үлкен зерттеу жүргізіліп жатыр. Болашақта бұл технологиялар дамыса, көп нәрсе өзгеруі мүмкін. Әрине, жанандану заманында жаңашылдықтан қалмау керек. Жасанды интеллект ғылымның жылдам дамуына әсер етеді деп үзілді-кесілді айтуға әлі ерте. Бірақ ол зерттеу үдерісін айтарлықтай жылдамдатады. Мысалы, ақпарат іздеу, мақалаларды тексеру сияқты жұмыстарды жеңілдетеді. Демек, ол – көмекші құрал. Ал шынайы жаңалық ашу үшін адам интеллектісі ауадай қажет.

**– Уақыт бөліп, әңгімелескеніңізге рахмет.**

ОЙШАО

# Талап па, әлде тағдыр бір салмақ па?

Сарби ӘЙТЕНОВА

*Білім саласына қатысты ресми жазбаларда мұғалімнің жүктелмесін адалды, артық қаражат бастылықтан арыпты сынды ойлар жеңі көтеріледі. Министрлік деңгейінде де бұл ұстаным бірнеше рет айтылып, мұғалім ең алдымен сабақ беруге көңіл бөлуі тиіс, артық міндеттерден босатылуы керек деген мадмұндағы пікірлер жария болды. Алайда сөз бен іс қарбасын отыр ма?*

Қағаз жүзінде «жеңілдік» туралы айтылғанымен, іс жүзінде жаңа талаптар көбейіп бара жатқандай. Соның бірі – мұғалімнен ғылыми деңгейдегі жарияланым, яғни Scopus немесе Web of Science базасына енетін мақала талап ету мәселесі. Осыған қатысты қоғамда қызу талқы тудырған Самал Зікірияқызының әлеуметтік желідегі жазбасы көптің ішкі ойын ашып берді. Ол ФБ-дағы жазбасында мұғалім мен ғалымның айырмасын, Scopus жазу – ұстаздың міндеті ме, әлде бұл жүйенің тағы бір жаңасқанда ма деген сынды сауалдарды алдыға шығарады.

Бұл – эмоция ғана емес, жүйелік қайшылықтың көрінісі. Рас, Scopus – ғылыми ортаға тән талап. Ол жерде зерттеу, дәлел, жаңалық алдыңғы орында. Ал мектеп мұғалімі – ең алдымен білім беруші, тәрбиеші, бағыттаушы. Оның негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру. Ендеше, ғылым мен мектептің жүгін бір адамның мойнына қатар арту – мәселені шешу ме, әлде оны күрделендіру ме?

Осы тұста жоғарғы оқу орнының оқытушысы Талғат Жолдасұлы да мәселенің түйінін дөп басады. Оның сөзінше, мектеп ғылыми-зерттеу орталығы, мұғалім ғалым емес. Тіпті университет оқытушылары мен докторанттардың өзі халықаралық журналдарға мақала жариялауда қиындық көріп жатқанда, мұндай талапты мектеп мұғаліміне жүктеу қисынсыз. Сонымен қатар халықаралық журналдардың басым бөлігі жоғары ғылыми деңгейді талап



етеді, кей жағдайда PhD дәрежесі болмаса, мақала қабылданбайды. Ал бұл талап мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігімен сәйкес келе бермейді.

Самал Зікірияқызы ФБ-дағы жазбасында мұғалімнің бүгінгі күйін ашып айтады: тест, портфолио, есеп, жоспар, сан түрлі талап. Бұған қоса түрлі конкурс, рейтинг, цифрлық жүйелер. Осыдан кейін «Scopus жаз» деу – шын мәнінде жеңілдік пе?

Айтуынша, бұл жағдай ұстазды үрейлендіреді. Себебі, мәселе талаптың өзінде емес, оның орындылығында. Жазбада көтерілген ең өзекті мәселенің бірі – білім сапасының «жалған көрсеткіші». Ресми есеп бойынша үлгерім жоғары. Бірақ шынайы білім деңгейі қандай? «Қазір «5» деген баға бар, бірақ «2» деген баға жоқ» деген ой – жүйедегі парадоксты дәл көрсетеді. Баға бар, бірақ білімнің салмағы жеңіл. Бұл – сапаны емес, көрсеткішті қуған жүйенің белгісі. Тағы бір маңызды мәселе – оқу мазмұны. Диктант, мазмұндама, шығарма секілді базалық дағдылардың шетке ысырылуы оқушының тілдік, ойлау қабілетіне әсер етпей қоймайды. Бұл – тек мұғалімнің емес, тұтас жүйенің мәселесі.

Өз жазбасында Самал Зікірияқызы мұғалімнің психологиялық жағдайына да тоқталады. Жүктеме көп, талап жоғары, жауапкершілік ауыр. Осындай күйде жүрген ұстаздан жоғары нәтиже талап ету қаншалықты әділ?

Меніңше де, шаршаған мұғалім – шаршаған қоғамның көрінісі. Бұл жерде тағы бір маңызды сұрақ туындайды: білім сапасына кім жауапты? Көбіне сын мұғалімге бағытталады. Алайда мұғалім – шешім қабылдаушы емес, орындаушы ғой. Ол жүйені жасамайды, бірақ оның салдарын толық сезінетін жан.

Осы ретте Талғат Жолдасұлы маңызды бір жайтты атап өтеді: білім саласындағы үздіксіз талаптар мен өзгерістер мұғалімдерді шаршатқан. Кей жағдайда ұстазға жай ғана сабақ беруге мүмкіндік жасау – ең үлкен реформа болар еді. Себебі, жасанды талаптар білім сапасын арттырмайды, керісінше кері әсер етуі мүмкін. Министрлік деңгейінде айтылатын «мұғалімді артық жүктемеден босату» туралы сөз нақты іске айналуы үшін, ең алдымен, талап пен міндеттің ара-жігі анықталуы тиіс.

Scopus – ғылым үшін маңызды. Бірақ оны мектеп мұғалімінен талап ету – кәсіби шекараны бұзу. Бұл – ұстазды өзінің негізгі миссиясынан алыстатады. Сондықтан мәселе бір ғана талапта емес. Мәселе – бағыттау. Біз мұғалімді қай жолға салғымыз келеді? Сабақ беретін бе, әлде есеп пен талаптың арасында қалған формалды қызметкер жолына ма?

Әлеуметтік желіде көтерілген бір ғана адамның пікірі емес. Бұл – мыңдаған мұғалімнің үнісі жанайқайы. Ал оны есту – қоғамның, түсіну – биліктің міндеті. Өйткені білім – эксперимент жасайтын алаң емес. Ал мұғалім – сол эксперименттің құралы болмауы тиіс. Бұл туралы Сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

АУЫР АТЛЕТИКА

# Жетісулықтар жасаран тұр



Жетісу жерінде ауыр атлетиканың мектебі бұрыннан қалыптасып, түлектері ел намысын әлемдік аренада абыроймен қорғап келеді. Олимпиада ойындарында жақсы нәтиже көрсетіп, жүлде алып жатқан ауыр атлеттердің басым бөлігі осы өңірден. Был қазақстандық спортшыларды күзде Жапонияда өтетін Азия ойындары күтіп тұр. Ауыр атлеттерді електен өткізіп, үздіктерін сол аламанға қосу үшін Талдықорғанға 16 өңірден 160-тан астам мықтысы жиналып, Қазақстан чемпионатында сынаға түсіп жатыр. Жақсы нәтиже көрсеткендер Ұлттық құрамаға қабылданады.

**Серік ҚАНТАЙ**

Сөз басында Жетісу жеріндегі ауыр атлетика мектебі жөнінде айттық. Биылғы ел чемпионатына арнайы келіп, құрметті қонақтар қатарынан орын алған Афины олимпиадасының күміс жүлдегері (77 келі – жүлқа көтеруде 172.5, серпе көтеруде 200.0 жалпы 372.5 келі) Сергей Филимоновты жолықтырдық. Оның есімі Жетісудан шыққан алғашқы жүлдегер ауыр атлеттердің қатарында жиі айтылады.

– Олимпиада жүлдегерін дайындау бір-күндік болмаса қысқа мерзімдегі жұмыс емес. Бұл ұзақ жаттығу мен еңбекті талап етеді. Дәл қазір байқағанымыз, талантты жастарымыз көп екен. Тек оларға дер уақытында дәл көмек беріп, бағытты дұрыс нұсқасақ деймін. Талай чемпионның аяқ алысын бақылап, өзімізше жақсылыққа жорып отырмыз, – дейді Олимпиада жүлдегері Сергей Филимонов.


Филимоновтың айтатынындай бар. Жарыстың бірінші күнінен бастап сұан сайын ел рекордтары жаңарып, жаңа нәтижелер тіркеліп жатыр. Спортшылардың қарқыны қатты. Мәселен, 1-күні 60 келіде жүлқа көтеруде әу баста Азамат Төлеген 122 келіні көтеріп рекорд жаңартса, артында жанкүйерлер алдына шыққан Әлішер Тұрғанбай 123 келіні бағындырды. Бұл салмақта жетісулық Исламжан Мұзапаров 3-орын (109+143 – 252 келі) алды. Арулар жарыстың алғашқы күні екі қола алды. Женіл салмақта (48 келі) 21 жастағы Валерия Васечко (55+68 – 123 келі) қарсыластарынан оқ бойы озып кетті. Бұл салмақтағы жетісулық Арина Леванова (48+59 – 107 келі) 3-орынға ие болды. Ал 53 келідегі Айгерім Әуелбек жалпы 154 келі көтеріп (74+83 келі), үштікті түйіндеді. Бұл салмақта жамбылдық Айнұр Әбдіхалықоваға (72+92 – 164 келі) ешкім жетпеді.

Жарыстың екінші күні нағыз шоу болды. Бапкерлер өз спортшыларының шама-шарқына қарай қарсыластарын бақылап, айлалы жүрістерге барды. Бұл күні бір салмақта (65 келі) 8 рекорд жаңарды. Чемпиондық үшін талас қос жетісулық Сайрамкез Ақмолда мен Анатолий Савельевтің арасында өтті. Аталған салмақта жүлқа көтеруде – 3, серпе көтеруде – 2 және қоссайыс қорытындысы бойынша 3 Қазақстан рекорды жаңарды. Анатолий Савельев жүлқи көтергенде 137 келіні бағындырып, ел рекордтын жаңартты. Ал серпе көтергенде 160 келіні көтеріп, екі жарыстың қорытындысы бойынша 303 келіні еңсерді. Сайрамкез Ақмолда болса жүлқа көтеруде 137 келіні көтеріп, серпе көтерудің алғашқы мүмкіндігінде 167 келіні бағындырды. Екінші мүмкіндігінде 174 келіні көтеріп, Қазақстан рекордтын жаңартты. Ал үшінші мүмкіндігін пайдалану-

дан бас тартты. Қос сайыстың қорытындысы бойынша 311 келіні бағындырып, Қазақстан чемпионы атанды.

– Басты қарсыласымыздың салмақ көтеруіне байланысты әрекет жасадық. Өздеріңіз көргендей, серпи көтерудегі 3 мүмкіндігімде 182 келіні көтеруім керек еді, алайда мерзімінен бұрын чемпион болғандықтан қажет деп таппадық. Енді жазғы Азия ойындарына дайындалып, жақсы нәтиже көрсету үшін барымды саламын, – дейді Сайрамкез Ақмолда.

Жылдан жылға жасарған спортшылардың, көтеріп жатқан темірлері ауырлап барады. Бұл жақсылықтың нышанындай. Алдағы болатын жаған жарыстарында жетісулықтар атойлап, талай медальді сыңғырлатып елге алып келетін деп тұр. Ел чемпионатында 58 келіде сынаға түскен 14 жастағы Текелі қаласының тумасы Снежана Кашкарова өзінің қарсыластарынан 10 келіден артық көтеріп, жеңімпаз атанды. Ол серпе мен қоссайыс нәтижесі бойынша ел рекордтын жаңартты. Былтыр Снежана 48 келіде бақ сынап, жалпы 151 келімен топ жарған еді. Биыл



58 келіде қарсыластарынан бір бас жоғары тұрды. Өткен жылы дәл осы салмақта жалпы 172 келімен (77+95) Әсемей Шүкірбаева чемпион атанған. Биыл бұл салмақтағы жеңімпаздар былай түзілді: 1-орын Снежана Кашкарова (88+115 – 203 келі), 2-орынды тағы бір жетісулық София Зоткина (78+99 – 177 келі) және 3-орынды ұлытаулық Нүрсезім Абатқызы (76+98 – 174 келі) алды.

– Мен осымен ересектер арасындағы жарысқа үшінші рет қатысып, барлығында ел чемпионы атандым. Жақындарымыз қолдап отырғаннан кейін тек жақсы нәтиже көрсетіп, құантқым келді. Ол жоспарым ойдағыдай болды. Енді сары құрылық жарысында жақсы көрсеткіш көрсету үшін қолымнан келгенінің бәрін істеймін, – дейді Снежана Кашкарова.

Жарыстың ресми ашылу салтанатында өткен аптада Египетте болған жастар арасындағы әлем чемпионатында қола медаль алған (88 келіде 161+194 – 355 келі) жетісулық ауыр атлет Әлихан Әскербайға облыс басшылығы 500 мың теңге сыйақы берді. Бұл ынталандыру жас спортшыны шындай түсері қак. Бүгінде ауыр атлетикада қатан тәртіп пен тазалық бірінші орында. Осыған дейінгі былықтар әлем назарында. Содан қорытынды шығарған ауыр атлетикадағылар спортшыларды қатан қарап, ережені барынша күшейткен.

– Ел чемпионатының Жетісу жерінде өтуі тегін емес. Осы өңірден шыққан ұл-қыздар әлемдік аренада рекорд жаңартып, үздік нәтиже көрсетіп жүр. Кейінгі 2 жьылда ауыр атлетикадан Қазақстан Орта Азиядағы жетекші елге айналды. Әлемде өз орнын қайта қалыптастырды. Бүгінгі таңда елімізде допингке байланысты қадағалау күшейтіліп, таза спортқа көңіл бөлініп жатыр. Жаздай тұрақталды. Сондықтан болар, ел спортшыларының әлемдік жарыстарға қатысуына жол ашылды, – дейді Қазақстан ауыр атлетика федерациясының президенті Гаджи Гаджиев.

Талдықорғандағы ел чемпионаты 19 мамырға дейін жүреді. Әлі талай рекордтын мұрты бұзылып, көптеген таланттың жеңімпаз аталарына куә боламыз.



## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!



# БОСТАҢДЫҚ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН...

Көксу ауданы прокуратурасының бастамасымен пробация қызметінің есебінде тұрғандар арасында Талдықорғандағы №71 тергеу изоляторына арнайы профилактикалық экскурсия ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – пробациялық бақылауда тұрған азаматтарға қылмыстың салдарын түсіндіру және заң бұзушылықтың алдын алу. Экскурсия барысында есепте тұрғандар тергеу изоляторындағы тәртіпті, сотталушыларды ұстау жағдайын, камералардағы тұрмыс-тіршілікті көрді. Изолятор қызметкерлері күн тәртібі, қауіпсіздік шаралары мен жазасын өтеушілерге қойылатын талаптар туралы жан-жақты ақпарат берді. Әсіресе, темір тордың ар жағындағы өмірдің психологиялық ауыртпалығын сезінді. Олар бостандықтың қадірін тереңірек түсініп, заңға қайшы әрекеттердің салдары қандай болатынын өз көздерімен көрді.

Сонында пробация есебіндегі азаматтар алған әсерлерімен бөлісіп, еркін өмір сүрудің маңыздылығын айтты. Көпшілігі профилактикалық кездесулердің адамға үлкен ой салатынын жеткізді. Мұндай шаралар қоғамдағы құқықбұзушылықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Бостандық – әр адам үшін ең қымбат құндылық. Бостандық қадірін білмеген темір торға тоғытылады. Сондықтан заң талаптарын сақтау – әр азаматтың басты міндеті.

**КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«КазГидроКаскад 2» ЖШС «Байынкөл өзенінде су электр стансысы каскадын салу» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп нәтижелері негізінде ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 19 маусым күні сағат 11.00-де Алматы облысы, Райымбек ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Қаратоған ауылы, Өмірзақов көшесі, 41-үй, Өмірзақов атындағы орта мектеп мекенжайында өтеді.

Қоғамдық тыңдаулар барысында онлайн трансляцияға қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/2674036155?pwd=6OsjInlFLtZpQGpXroQsuNvmcQOHvW.1&omn=85888209150> Конференция идентификаторы: 267 403 6155 Қол жеткізу коды: e169NZ

Жобаның тапсырыс берушісі: «КазГидроКаскад 2» ЖШС, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 68-үй, БСН: 111240017521, тел.: +7 (701) 555-11-31.

Байланыс тұлғасы: Омашева Э.Р., тел.: +7 (701) 555-11-31, e-mail: nar.om@mail.ru. Жобаны әзірлеушісі: «ЭкоПроект» ЖК, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Гёте көшесі, 303/2-үй, 41-пәтер, ЖСН: 830709400678, тел.: +7 (701) 210-98-00, e-mail: yulia.nesterova1983@gmail.com.

Қоғамдық тыңдауларға ұсынылатын материалдармен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей БЭП сайтында қабылданады.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ТОО «КазГидроКаскад 2» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по результатам Отчета о возможных воздействиях «Строительство каскада гидроэлектростанции на реке Байынкол».

Общественные слушания пройдут 19 июня 2026 года в 11.00 часов по адресу Алматинская область, Райымбекский район, Жамбылский с.о., с.Каратоған, ул.Омирзакова, д.41, СШ им.Омирзакова.

Описание для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественных слушаний: <https://us05web.zoom.us/j/2674036155?pwd=6OsjInlFLtZpQGpXroQsuNvmcQOHvW.1&omn=85888209150> Идентификатор конференции: 267 403 6155 Код доступа: e169NZ

Заказчик проекта: ТОО «КазГидроКаскад 2», г. Алматы, Алматинский район, ул. Наурызбай батыра, д. 68, БИН: 111240017521, тел.: +7 (701) 555-11-31.

Контактное лицо: Омашева Э.Р., тел.: +7 (701) 555-11-31, e-mail: nar.om@mail.ru. Разработчик проекта: ИП «ЭкоПроект», г. Алматы, Түркісбский район, ул.Гёте, д.303/2, кв.41, ИИН: 830709400678, тел.: +7 (701) 210-98-00, e-mail: yulia.nesterova1983@gmail.com.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте ЕЭП.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**Меншік күні:**  
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

**Басшының міндетін атқарушы:**  
Марал ДАУТАЛИНОВА

**Басшының қабылдау бөлмесі:** 40-20-71

**Бас редактор:**  
Жұматай ӘМІРЕ

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPU00064518 куәлігі берілген.**

**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

**Мекенжайымыз:**  
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер:  
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарла-сыңыздар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

**Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ**

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды кешіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 474  
«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы — 6621, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4648. Индексі — 65469.

# ТАУДЫ АЛАСАРТПАЙ, ДАЛАНЫ АСҚАҚТАТУ



## "Бүкір" Жеңіске жетті

**Есболат АЙДАБОСЫННЫҢ «Бүкір» романы Mesenat.kz әдеби сыйлығының бесінші маусымының жеңімпазы атанды. Қазір үздік романаға берілетін әдеби байқауда биыл 33 шығарма бақ сынап, ашық дауыс беру нәтижесінде әріптесіміздің туындысы үздік деп танылды.**

Жеңімпазды марапаттау рәсімі Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында өтті. Байқау жеңімпазына қазақстандық Freedom Life компаниясы атынан өмір бойы ай сайын 500 АҚШ доллары көлемінде төленетін ерікті аннуитеттік сақтандыру полисі табысталды. Аталған марапат отандық әдебиетке көрсетілген зор қолдаудың айқын көрінісі.

«Бүкір» романы – жылқы тағдыры арқылы адам жанының терең қатпарларын, ар мен намыс, әлеуметтік теңсіздік, рухани ізденіс сынды күрделі тақырыптарды қозғаған салмақты шығарма. Автор қоғамның көлеңкелі тұстарын көркемдікпен бедерлеп, оқырманды тағдыр мен таным, адамдық қасиет пен өмірлік құндылықтар жайында ойлануға жетелейді. Шығарма қазақ прозасының көркемдік көкжиегін кеңейткен сүбелі еңбек.

Есболат Айдабосынның шығармашылық ізденісінің жемісі ретіндегі жеңісі, қазіргі қазақ әдебиетінің әлеуетін танытқан маңызды оқиға.

Осы орайда әріптесімізді айтулы жеңісімен құттықтаймыз. Шығармашылық шабыт, қазақ әдебиетінің қоржынына әлі талай тағылымды туындылар қоса беруіне тілектестік білдіреміз.

«JETISY» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ

Бұл бастама қазақ әдебиетін түрік оқырмандарына таныстырудағы маңызды рухани оқиғаға айналды.

Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті қабырғасында халықаралық дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оған Қазақстан мен Түркияның әдебиеттанушылары, ғалымдары, ақындары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Басқосуда Олжас Сүлейменовтің поэзиясы, қоғамдық қызметі және түркі әлеміне қосқан рухани үлесі жан-жақты талқыланды.

Іс-шара аясында ақынның түрік тіліне аударылған еңбегінің тұсаукесері өтті. Оны ғалым-аудармашы Ораз Сапашев таныстырды. Сонымен қатар, Павлодар облысы мен Баянауыл өңірінен келген делегация өкілдері құттықтау сөз сөйлеп, ақынға деген ыстық ықыластарын жеткізді.

Анкара қаласы

Гүлжан ТҮРСЫН

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ 90 жылдық мерейтойына арналған халықаралық мәдени-рухани іс-шаралар Түркия Республикасының Анкара қаласында жоғары деңгейде өтті. Мерейтойлық бағдарлама аясында көрме, дөңгелек үстел, әдеби кездесу мен деректі фильм көрсетілімі өткізілді.**

Шара ТҮРКСОЙ, Түркия Жазушылар одағы және Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті аландарында ұйымдастырылды. Басты мақсат – ақынның шығармашылық мұрасын дәріптеу, түркі халықтарының рухани байланысын нығайту және қазақ әдебиетін халықаралық деңгейде насихаттау.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымында «Олжас Сүлейменов. «Тауды аласартпай, даланы асқақтату» атты көрменің ашылу рәсімі өтті. Көрменің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты Арлан Анер таныстырды.

Одан кейін дөңгелек үстелде әдебиет пен мәдениет саласының белгілі өкілдері,

ғалымдар, дипломаттар мен қоғам қайраткерлері сөз сөйлеп, Олжас Сүлейменовтің түркі әлеміндегі орны мен шығармашылық мұрасы туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

Жиынға Сұлтан Раев, Аманжол Қалыш, Еркебұлан Сапиев, Мухаммет Енес Кала, Муса Казым Арыжан, Рәшад Мамедов және өзге де мәртебелі қонақтар қатысты. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы басқар-

масының төрағасы Мереке Құлқенов пен ақын Ұлықбек Есдәулеттің бейнеқұттықтаулары көрсетілді.

Шара барысында режиссер Игорь Гинопольскийдің «Людым я не лгал...» атты деректі фильмі көпшілік назарына ұсынылды. Фильмде ақынның өмірі мен шығармашылық жолы кеңінен қамтылды. Түркия Жазушылар одағы ғимаратында «Олжас Сүлейменов» атындағы оқу залы салтанатты түрде ашылды.

Ғылым-білім жетілген уақытқа дейін өмір сүрген адамзат баласының танымы мен түйсігі арқылы қабылданып келген құндылықтың бәрі шындықтан алшақ жатырма? Көбіне аспан денелеріне зер салу арқылы қабылданған шешімдер мен кесімдер, тұжырым-түсініктер бүгінде өз мөлшерінен ауытқи қойған жоқ. Ғылым жетпей тұрып-ақ дәстүрлі ұстаныммен әлемдік ілім-білімді түпсанасына қондырған түркі жұртының ішіндегі қазақ халқы: «Ай қораланса қар не жауын жауады», «Күн құлақтанып батса боран не аяз тұрады», «Ай шалқалап туса малға жайсыз тиеді» деп келер күнін күмәнсіз жорамалдаған. Осы тақылеттес мың сан түсінікке мән берсек, қазақ салт-дәстүріндегі ұғымдардың дені ғылыми еңбекпен пара-пар екенін мойындайсыз.



## XXXI. Аспан ерге, әйел жерге теңелсе

# Дәуір көшпіндері дәстүр

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Көне ғылым болып саналатын астрономиядан бөлек аспан денелерін, табиғаттың жай-күйін, тылсымдар мен кеңістік жөнінде нақты хабар беретін астрофизика, астрогология, ғарыштық биотехнология секілді ілімдер жүйеленді. Десек те сонау ықылым заманның өзінде-ақ табиғатпен тұтаса тіршілік кешкен қазақтың жайы ғарыштық, табиғи түсініктерге бейім еді. Оны мезгіл мен алдағы уақытты болжайтын қазақтың мыңжылдықтан келе жатқан жорамалдары арқылы бір дәлелдесек, екіншіден, Аристотель, Платон секілді данышпандар заңдылығына «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс?» деп трактат жазған әл-Фараби бабамыздың зор еңбегін алға тартар едік.

Иә, қазақтың салтында, дәстүрінде сан ғылым тоғысқан. Бір ғана аспан мен жер туралы түсінікті тарқататын болсақ, жаратылыстанудан бастап өрісі кеңейген ғылымдық жүйенің дені мақұлдаған тұжырымдарға табан тірейміз. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген бабаларымыздың таным түсінігінде «жеті қат жер», «жеті қат аспан» деген ұғым қалыптасқан. Ислам діні келмес бұрын айшықталған Алып Ер Тонға, Күлтегін секілді байырғы жазбаларда да аспанның жеті қат екені немесе «көк», «зәу» секілді тіркестердің қолданылғанын байқаймыз. Ал дін асылын қабылдаған шақтан кейінгі түсінігімізді биіктік өлшемі жеті қат аспанмен теңестірілген.

Белгілі ақын, этнограф Қасымхан Бегманов жазған «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» 4 томдығында жазылған дәстүрге қатысты түсініктерді барынша негізге ала отырып, бұған дейінгі 30 циклдан тұратын мақалада кейбір атаулар мен тұжырымдарды, құндылықтарды парактап-тарақтаған едік. Бүгін сөз болған аспан хақындағы толғамда «жеті қат аспан» мәселесінен бөлек рухани түсініктерді де, аспан мен жер жынысы тұрғысындағы ғалымдар рет-ретімен баяндағымыз келеді.

Алдымен аспан мен жердің жеті қат болуы туралы түсінікті әріден тарқатсақ, бұл әлемнің бірқатар еліне тән тұжырым. Аспан әлемі туралы жиі толғанып, үлкен еңбек жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев ғаламның үш не жеті сатыдан тұратыны көптеген елдің дүниетанымында ұшырасатынын тілге тиек етеді. Ол, әсіресе, ислам дінінде айқын көрсетілген, өзге діндерде де бар екенін айшықтай отырып: «Қазақтың көне ұғымында, әйресе, ертегі, аңыздарында жер мен көкке байланысты 7, 9 сандары кездеседі. Әсіресе, жеті қат көк деген түсінік

жиі қолданылады. Жеті қат көк – байырғы шығыс астрономдарының кеңінен қолданған термині», – дей келе мұндағы жеті саны «Жеті жұлдызға» сәйкес келетінін ашып айтқан. «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» кітабындағы кең көлемді сұхбатта бұл «Жеті жұлдыздың» Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәрі (Юпитер) және Сатурн екенін де егжей-тегжейлі баяндаған.

Дәстүрімізді жаңғыртып, астрономиялық ілім хақында да түркілік түпсанаға байланысты ойларды айшықтап жүрген профессор Әбдеш Төлеубаевтың ғана емес, белгілі академик Сейіт Қасқабасовтың еңбегін оқысаңыз, аспан мен жер арасындағы кеңістікке қатысты толғамдарды, жер мен көктің жеті қаттан тұра-

тыны жөніндегі ақпараттарға ұшырасасыз. Ал құндылығымыздың дәстүр мен дін атты қос арнадан тұратынын еске сала отырып, Құран сөзіне мән берсек, Алладан түскен аяттарда аспан мен жердің алты күнде жаратылғаны, оларға таулардан тірек қойылғаны, қабаттарға бөлінгендігі айтылған. Бұл жөнінде Фуссиләт сүресінің алғашқы 15 аятында кеңінен баяндаған. Жаратушы жолдаған Құран аятына зер салсақ: «Сөйтіп, Ол (ғаз бұлтты күйіндегі тұмандық) көкті екі күнде жеті қат көк етіп толық қалыптастырды да әр аспанға өз ісін білдіріп, аян берді. Содан Біз (жерге) ең жақын дүниенің аспанын шам-шырақтармен (жұлдыздармен) безендірдік һәм оны (сөгіліп, құлаудан әрі періштелердің сөзін есту үшін ұрланып тың тыңдайтын жьсын-шайтандардан) қорыдық. Міне, мұның бәрі Азиз (бәрінен үстем әрі ұлы), Алим (шексіз ілім иесі) болған Алланың жазған», – деген аяттан (Фурсилләт сүресі, 12 аят) анық аңғаруға болады.

Ұлт пен ұлыстарға бөлінген адамзаттың ішінде табиғи түсінігі жоғары, тылсымға зер салған түркілердің танымында ислам діні өркеніет жаймай тұрып-ақ мақұлдаған дүниелердің болғанын біз терістей алмаймыз. Ол жұлдыздар мен Айға, аспанға қарап келер күнін болжау десек, ендігі бір дүние – Жаратушысын, Тәңірін көктен іздеу. Көкке қол созу, Айға сәлем беру, «Көк Тәңірі» деп атау, «Таң» мен «Ра» сөзінен тәңір атауы туды» деген секілді аңыз, мифтік мысалдардың бәрі біздің байырғы дәстүрімізбен біте қайнасқан ұғымдар.

Дәстүрдің қайнарынан қанып ішкен халықтың бүгінгі жастары үшін елеп-ескерер тағы бір түсінік бар. Ол – аспанды ерге, жерді әйелге теңеуі. Біз басты нысана еткен дәстүр тұрғысындағы кітаптарда ғалым, академик, этнографтар мұны егжей-тегжейлі баяндаған. Мәселен, Аспан мен Жер адамзат сияқты жынысқа бөлінетіні туралы толымды еңбек жазған профессор Әбдеш Төлеубаев: «Аспан ер адам кепіні білдіреді, себебі ол жоғарыда орналасқан. Ол өзінің жауын-шашынымен Жерге береке сыйлайды, оған нәр береді, оны ұрықтандырады. Қатқыл мінез де көрсетеді», – десе, келесі кезекте: «Жерде әйелдің, ананың қасиеті бар. Жер өмірге жаңа тіршілік сыйлайды, бүкіл жанованы қоректендіреді, ол өте мейірімді, жұмсақ, молақан. Қазақтар, әдетте «Көктем жсаудыр, жерден өндір» деп тілек тілейді», – дей келе «Жер-Ана» деп толғану да адамзаттық жынысқа тән ерекшелік екенін атаусыз қалдырмаған.

P.S.

Қазақтай кемеңгер халықтың дәстүріне қатысты осындай еңбектерді оқып, екшеп-елеп отырып біз де тосырқап әрі сүйсініп қалғанымызды жасыра алмаймыз. «Асқар тау», «Заңғар» деп әкені биіктетіп, ананы жер, көлге теңеудің астарында да Аспан мен Жер түсінігіне, жынысына байланысты қасиеттеу, ардақтау бар шығар деп те ойландық.